

ЭКОНОМИКА



АЛМАТЫ
ИНДУСТРИАЛДЫ
АЙМАҒЫ

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №37-38 (6600) 25 сәуір, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



ПРЕЗИДЕНТ

АССАМБЛЕЯ ӘЛЕУЕТІ

Еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың символы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА-ның 30 жылдық мерейтойы аясында халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында Президент Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосқанын, еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналғанын, этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылғанын атап өтті. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ»

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады.

2

ЖОБА

ЗАМАНАУИ «САЙРАН»

жанға жайлы демалыс аймағына айналады

Алматы тұрғындары асыған күткен Сайран су қоймасы аумағындағы реконструкциялау және абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл қоғамдық кеңістікті қайта құру жұмыстары қаланың келбетін жаңартуға бағытталған маңызы зор бастама.



Ернұр
РЫСБАЙ

Осыған орай, арнайы ұйымдастырылған көшпелі баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері құрылыс барысымен танысып, жаңарған аумақта қандай жаңа мүмкіндіктер ашылатынына көз жеткізді.

Мердігер ұйымның басшысы Ринат Зілмұхамедов жұмыстың мән-жайын түсіндірді. Оның айтуынша, аумақты қайта жаңғырту және абаттандыру жұмыстары бүгінгі күнде 90%-ға орындалып болған. Жағалау сызығын нығайту, инженерлік желілерді төсеу, бөгет салу сияқты негізгі инженерлік және құрылыс жұмыстары толығымен орындалған. Қазіргі уақытта аумақты абаттандыру, шағын сәулет нысандарын орнату және көгалдандыру сынды соңғы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Барлық

жұмыстарды белгіленген мерзімде – ағымдағы жылдың мамыр айының соңына дейін аяқтау көзделген.

Сайран су қоймасын қайта құру барысында үлкен көлемде жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, 12 мың шаршы метр асфальт және 13 мың шаршы метр тас төселді, 563 бірлік сыртқы жарықтандыру

құралдары орнатылды. Сондай-ақ, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында шұғыл хабарлау жүйесімен жабдықталған 50-ге жуық бейнекамера қойылды. Көгалдандыру жұмыстары аясында 3 мыңнан астам ағаш пен 3 мың бұта отырғызылды. Жағажай аймағын жайластыру үшін 6,5 мың тонна құм әкелінді.



9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

25.04.2025

Түнде:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

26.04.2025

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

27.04.2025

Түнде:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



ПРЕЗИДЕНТ

АССАМБЛЕЯ ӘЛЕУЕТІ

Еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың символы

(Басы 1-бетте)

Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз

Мерейтойлық жиында Президент Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін қадап айтты.

«Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуді аманаттаған Президент ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керектігіне маңыз беріп, бірқатар маңызды міндеттерге тоқталды:

Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Біз қоғамдық келісім ин-



фрақұрылымын біртіндеп кеңейте беру қажет. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедияция саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік мен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу ма-

ңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет.

Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс.

Ұлтты ұйыстыратын маңызды белес

Президент тұжырымдағандай, Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін страте-

гиялық штабқа айналуы керек. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы. Елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтар қатарында тұр.

Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Отаншылдық,

азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз. «Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары. Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз.

Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз. Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға. Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін», – деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

САРАПТАМА

Қазақстан халқы Ассамблеясы:

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДАҒЫ 30 ЖЫЛ

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында Мемлекет басшысы ұйымды реформалауға бағытталған бірнеше маңызды бастамалар көтерді.

Президент өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу және даму тарихына тоқталып, ұйымның еліміздегі орны мен рөлі жайлы әңгіме өрбітті.

ҚХА 1995 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған. Құрылған кезде Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істеді. Ал 2007 жылы оған конституциялық мәртебе берілді. Осылайша ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Алайда, уақыт бір орнында тұрмайды. Заман талабына сай Ассамблея жұмысына реформа жасалуда. 2022 жылы референдумда халық Конституциялық реформа жасауды қолдады. Соның нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси саладағы рөлі өзгерді. Содан бері мынадай өзгерістер енгізілді:

- Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнама-лық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін арттыру үшін жасалды;
- «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл

топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады;

- Министрліктер, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктері Ассамблеяның жұмысына атсалысуда. Мысалы, әкімдер жергілікті Ассамблея ұйымдарымен тұрақты түрде жиын өткізуде;
- Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамына енген. Олар саяси-идеологиялық жұмыста жемісті жұмыс істеуде.

Мұның бәрі Қазақстан халқы Ассамблеясын реформалауға бағытталған шешімдер мен қадамдар. Ал реформаның мақсаты не? Басты мақсат – ұйымды саяси институтқа айналдыру. Жоғарыда атап өткеніміздей, Ассамблея бастапқыда құрылған кезде консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істеді. Одан кейін конституциялық мәртебе берілді. Алайда, шын мәнінде саяси институтқа айналмай, қоғамдық институт ретінде жұмыс істеп келді. 2022 жылдан бері қарайғы өзгерістер ұйымды саяси шешім қабылдауға әсер ете алатындай институтқа айналдыруға бағытталған.

АССАМБЛЕЯҒА АРТЫЛАТЫН ЖҮКТІҢ САЛМАҒЫ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Президент өз сөзінде жыл сайын өтетін Ассамблея сессиясында қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс деп мәлімдеді. Ал ол шешімдер қалай жүзеге аспақ?

Сессиялар арасындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді. Кеңес бұл кішігірім парламентке ұқсайды. Яғни сессияда қабылданған шешімдердің орындалу барысы бойынша есепті Ассамблея кеңесі тыңдайды.

Бұдан бөлек, ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Сондықтан стратегиялық бағыт-бағдарды осы құрылым жүзеге асырмақ.

Ұйымды реформалау мұнымен тоқтамайды. Себебі, Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы жеңіл емес. Мемлекет басшысы Ассамблея жұмысының қоғам мен мемлекет үшін маңызды екенін ескере отырып мынадай бастамалар көтерді:

- 2026–2030 жылдарға арналған Ассамблеяның дамыту тұжырымдама-сын қабылдау. Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның

тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуді қажет;

- Ассамблеяның аймақтардағы жұмысын жандандыру. Алматы облысында, Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Достық үйлерін ашу бастамасы көтерілді. Алдағы уақытта Достық үйлері көптеп ашылмақ;
- Ақпараттық кеңістікте бірлік мен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек;
- «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдалану.

Қорыта келе, ҚХА-ның 30 жылдығына арналған сессия жемісті өтті деп айтуға болады. Себебі, ұйымды реформалау жалғаса бермек. Басты мақсат – шын мәнінде саяси институтқа айналдыру.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ӘКІМ

Алатау ауданы:

БАСТЫ БАҒДАРЛАР, ЖАҢА ЖОБАЛАР

24 сәуір күні Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті. Шаһар басшысы ауданда атқарылған жұмыстар туралы баяндап, жаңа жобаларды таныстырды. Сондай-ақ, аудан тұрғындарын алаңдатқан өзекті сұрақтарға жауап берді.

АУДАН БЮДЖЕТІ 30%-ҒА ӨСТІ

Шаһар басшысы атап өткендей, Алатау ауданы Алматыдағы ең индустриалды дамыған аудандардың бірі ретінде өз позициясын нығайтып келеді – мұнда қаланың жалпы өнеркәсіп өнімінің үштен бірі өндіріледі. 2024 жылы аудан экономикасына тартылған инвестиция көлемі 360 млрд. теңгеге жетіп, 87,3%-ға артқан.

– 2024 жылы белсенді бизнес субъектілер саны 10,2%-ға өсті, бұл өз кезегінде салық түсімін 31,1%-ға арттырып, 7,5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. 2024 жылғы бөлшек сауда айналымы 6,9%-ға өсіп, 536 млрд. теңге болды, ал көтерме сауда айналымы 2,5 есеге артты, – деді қала әкімі.

Оның айтуынша, экономиканың белсенді дамуының нәтижесінде 2024 жылы Алатау ауданының бюджеті шамамен 40%-ға өсіп, 43,7 млрд. теңгеге жетті, ал 2025 жылы тағы 30%-ға ұлғайып, шамамен 57 млрд. теңге болды.

– 2025 жылы Алматыны полицентрлік модель бойынша дамыту аясында Алатау ауданы үшін басты бағыттар – әлеуметтік нысандардың жаяу қашықтықтағы қолжетімділігін қамтамасыз ету және кеңейту, инженерлік және көлік инфрақұрылымын белсенді дамыту, жайлы өмір сүру ортасын құру болып қала береді, – деді Ерболат Досаев.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аясында 2024 жылы ауданның 66 көшесі, жалпы ұзындығы 41,7 км жол орташа жөндеуден өткен, ал биыл 18 шағынауданда 81 км жолды жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, өткен жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарында 30 мың шаршы метр жол төсемі қалпына келтіріліп, 12 км техникалық тротуар салынған. 2025 жылы тағы 30 мың шаршы метр жолды және 9 км тротуарды жөндеу жоспарланып отыр.

– Өткен жылдың қарашасында біз Мөңке би мен Саин көшелерінің қиылысындағы жолайрықты аяқтадық, бұл қаланың негізгі магистраль көшелеріндегі көлік жүктемесін 20%-ға азайтуға мүмкіндік



берді. Осы жылдың қарашасына дейін Саин көшесін ұзарту жұмысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Жаңа шағынаудандардың жол инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Биыл мамыр айында «Боралдай» және «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 50,6 км жаңа жол құрылысы басталады, аяқталу мерзімі – 2026 жылдың қарашасы, – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, шаһар басшысы 2024 жылы қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыру мақсатында аудан бойынша автобус саны 1221-ден 1467-ге дейін артқанын айтты. Бұл 11 жаңа маршрут ашуға, 30 маршрутқа қосымша автобустар қосуға және 12 маршрутты жаңартуға мүмкіндік берді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

«Саялы» шағынауданында келесі жылы Инновациялық шығармашылық орталықтың құрылысы аяқталады.

– 2023 жылдан бастап «Нұркент» шағынауданында балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Инновациялық шығармашылық орталық табысты жұмыс істеп келеді. Бүгінгі таңда орталыққа 2300 бала келеді. Бұл тәжірибені «Саялы» шағынауданында жалғастыруға ниеттіміз, онда 2026 жылдың қыркүйегінде Инновациялық шығармашылық орталықтың құрылысы аяқталады деп күтеміз, – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, ауданның «Алғабас» шағынауданында 720 орынға жаңа Инновациялық техникалық колледждің құрылысы

сы жүріп жатыр. Құрылыстың аяқталу мерзімі – 2026 жылдың қаңтар айы.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

Ауданда әлеуметтік инфрақұрылым белсенді түрде дамып келеді. Оқушы орындарының тапшылығы – 6,1 мың орын. Бұл мәселені шешу мақсатында өткен жылы жергілікті бюджет есебінен «Саялы-2» шағынауданында 550 орынға жаңа мектеп салынған. Сондай-ақ, «Зерделі» шағынауданында 550 орынға тағы бір мектептің құрылысы жүріп жатыр. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданда жалпы сыйымдылығы 12,7 мың оқушыны қамтитын 7 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылында «Теректі», «Самғау», «Қарасу» және «Ақбұлақ» шағынаудандарында бес мектеп ашу жоспарланған.

Ал «Алғабас» және «Ғажайып» шағынаудандарындағы екі мектептің құрылысы 2025 жылдың соңына дейін аяқталмақ. Сондай-ақ, 11 білім беру мекемесінде қайта жаңғырту және сейсмокүшейту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олар: №33 лицей, №161 лицей, №191, №58, №189, №50, №160 мектептер, №59 мектептің филиалы, сондай-ақ, №73, №30 және №60 гимназиялар.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ – ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

Биылғы наурыз айында жергілікті тұрғындардың өтініштерін ескере отырып,

Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығының жаңа ғимараты ашылды. Медициналық мекеме «Қарасу» және «Өжет» шағынаудандарының тұрғындары үшін қолжетімді жерде орналасқан. Жаңа бес қабатты медициналық орталық №25 қалалық емхананың филиалы болады және жақын маңдағы шағынаудандардың 18 мың тұрғынына қызмет көрсетуге есептелген. Орталықтың жобалық қуаты бір ауысымда 200 келушіні құрайды. Осы жылдың соңына дейін ауданда тағы бір амбулатория пайдалануға берілімек.

– Қараша айында «Саялы» шағынауданында 200 адам қабылдайтын тағы бір амбулаторияның құрылысы аяқталады, – деді Ерболат Досаев.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Ерболат Досаев ауданның қоғамдық кеңістіктерін дамыту және көркейту жұмыстары туралы да айтты. 2024 жылы ауданда үш жоба жүзеге асырылып, аудан көркейе түсті. Соның бірі – «Қарасу» шағынауданында 10,7 гектар аумақта сквер мен жаяу жүргіншілер аймағын көріктендіру. Бұл жерде шағын сәулет пішіндері, көше жиһаздары мен демалысқа арналған беседкалар орнатылып, жарықтандыру жаңартылып, жаңа жасыл желектер отырғызылды.

Сондай-ақ, «Дарабоз» шағынауданындағы мешіт маңында 6,2 гектар аумақты қамтитын саябақ салынды және Боралдай өзенінің жағалауындағы 24 гектар жер көріктендірілді. Бұған қоса, 2024 жылы 6 қоғамдық кеңістікте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы құны 2,6 млрд. теңгеге автосуару жүйелері орнатылды.

– 2025 жылдың маусымында «Өжет» шағынауданындағы 16 гектар аумақтағы тоған маңын көркейту жобасын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Жоба аясында жасыл желектер отырғызу, жаяу жүргіншілер аймақтарын жасау, спорт және балалар алаңдарын салу көзделіп отыр, – деді шаһар басшысы.

Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» (ХҚБ) бағдарламасы жалғасып келеді. 2024 жылы осы бағдарлама аясында 45 жоба жүзеге асырылып, оның ішінде 24 қоғамдық кеңістік пен 10 аула көркейтілді.

– 2025 жылы қала бюджетінен тұрғындар ұсынған 570-тен астам ұсыныстың ішінен таңдалған 50 жобаны жүзеге асыру үшін 2,5 млрд. теңге бөлінді. Биыл наурыз бен қыркүйек аралығында 31 қоғамдық кеңістік, 16 аула аумағы көркейіп, көше жарығын жаңарту бойынша 3 жоба жүзеге асырылады, – деді Ерболат Досаев.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН

«АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Дәурен САҒЫНҒАЛИЕВ:



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?» деген сынды баршаға ортақ сауал тастаған болатын.

Ал «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру осы ортақ сауалдарға жауап беретіні белгілі. Сондықтан осы бағытта қаламыздағы мектептерде нендей жұмыстар қолға алынып, жүзеге асырылып жатқанын білмек мақсатта Алматы қаласы «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының» басшысы Дәурен САҒЫНҒАЛИЕВКЕ жолыққан едік.

Бағыты айқын маңызды құжат

– Дәурен Наурызбайұлы, алдымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәніне тоқталып өтсеңіз...

– Мемлекет басшысының «Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс» деген сөзінің өзі ел жастарына үміт артып, зор сенім білдіріп отырғанын көрсетеді. Дәл осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды «Адал азамат» деген бір ауыз

ОТАНШЫЛДЫҚ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР бәрінен биік тұруға тиіс

сөзбен сипаттауға болады. Міне, осы ретте әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы керек.

Бұл тұрғыда біздер, білім саласы қызметкерлері жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі таңда еліміздегі барлық мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Қазіргі таңда тәрбие бағдарламасы аясында Алматы қаласының мектептерінде де көптеген жұмыстар ұйымдастырылып, жүзеге асып жатыр. Жалпы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – алдын ала жоспарланған, құрылымдық жүйесі мен нақты бағыттары айқындалған маңызды құжат. Бағдарлама құрылымы, мазмұны және оны іске асыру құндылықтар жүйесіне негізделген. Сондықтан аталмыш бағдарлама үш деңгей арқылы, яғни білім беру ұйымы, педагогтардың және отбасымен ынтымақтастық деңгейлерінде іске асырылуы керек.

Ең алдымен, Бағдарламаның негізгі тетігіне тоқтала кеткен жөн. Алғашқы тетігі ретінде күнделікті, апта және ай сайын жүйелі іске асырылатын қадамдар болып табылады. Мысалы, білім алушылардың үзіліс кезіндегі бос уақытын асық, тоғызқұмалақ, бес тас сияқты ұлттық ойындарды ойнату арқылы ұйымдастыру, сосын қоңырауды күймен күмбірлету – жеткіншектердің мәдени мұраны сезінуге жол ашады. Сонымен қатар, «Үнемді тұтыну» жөніндегі күнделікті жадынамалар да білім алушылардың экологиялық мәдениетін дамытады.

«Қауіпсіздік сабақтарын» өткізу үрдіске айналды

– Алматы қаласындағы мектептерде бұл бағдарлама қалай жүзеге асып жатыр?

– Мектептердегі әрбір оқу аптасын Әнұранмен бастау – оқушы бойына тәуелсіздік пен отаншылдық рухын бекемдей түседі. Апта дәйексөздері білім алушыларды нақты құндылықтарға үндеп, сабақтан тыс уақыт

тағы әрекетін соған бағдарлап отыр. Сондай-ақ, әр сынып сағатының 10 минутын білім алушылардың жеке қауіпсіздігіне арнап, «Қауіпсіздік сабақтарын» өткізу үрдіске айналды. Бұған қоса, қазіргі кезде қала мектептерінде зиянды әдеттердің алдын алу шаралары жүйелі ұйымдастырылуда. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстары жүйеленіп, 6 жобаны іске асыруға бағытталды. Қазір осы негізде 43 іс-шара жоспарлы түрде іске асырылып жатыр. Білім алушыларды жауапкершілік пен мейірімділікке баулитын «Қамқор» жобасы аясында Алматы қаласының 100 мыңнан астам білім алушысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, сенбіліктер ұйымдастырды.

Биыл қала аумағында, мектеп аулаларында 100 мыңға жуық көшет отырғызылды. Шығармашылық пен өнер арқылы тәрбиелеуді көздейтін «Шабыт» жобасы аясында 13 мың білім алушы домбырада күй күмбірлетіп, 6–18 жас арасындағы 5700 бала «Әншуақ» фестиваліне қатысты. Одан бөлек, «Даналық ұстаздан», «Жетістігім – еліме!», «Алғыс айту күні», «Шын жүректен кітап сыйла!», «Ананың аялы алақаны», «Түлектердің ағаш егуі» сияқты челленджер әлі де жалғасып жатыр. Оқушыларды түрлі мамандықтарға баулып, еңбексүйгіштік дағдыларды қалыптастыратын «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында 42 мың білім алушы қатысқан «Мамандықтар марафоны» байқауы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, 153 мың білім алушыны қамтыған «Маусымдық асар» жәрмеңкесі өткізілді. Жас ұрпақты жаңашылдыққа жетелеп, инновацияға ынталандыратын «Smart бала» жобасы аясында білім алушылар инновациялық өнімдер әзірлеп, сол салада жұмыс атқарып жатыр.

Рухани кемелдікке бастар жол

– Қазір қала мектептерінде оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығының артқанын жиі естіп жүрміз.

Бұл – қуанарлық жағдай. Осы туралы да айта кетсеңіз...

– Мемлекет басшысы «Кітап оқуға құштар мектеп» атты ауқымды іс-шараның бастамашысы болды. Қазіргі таңда да бұл іс-шара жалғасып келеді. Осы ретте «Балалар кітапханасының» білім алушылардың оқу сауаттылығы мен оқырмандық мәдениетін өркендетіп, рухани кемелдікке бастары сөзсіз. Сол үшін қаламызда былтырдан бастап балалар кітапханасы порталы іске қосылды. Ағымдағы жылдың ақпан айында аталған жоба аясында «Шын жүректен кітап сыйла» челленджіне 152 мыңнан аса оқушы қатысып, бір-біріне кітап сыйлады. Өзіңіз айтып өткендей, бұл бастаманың оқушылардың оқырмандық мәдениетін дамытуға, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға оң ықпал еткені байқалды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі – дәстүрге айналып үлгерген «Күй күмбірі» акциясына барлық мектепте бір уақытта күй ойналып, оған 13 мың оқушы мен педагог қатысты.

Қазір қала мектептерінде үйірмелер мен секциялар бар, олар түрлі тақырыпта қосымша іс-шаралар өткізіп жатыр. Қала әкімдігі мектеп оқушылары үшін жеңілдік жасап, қазір балалар музейлерге тегін барады. Оған қоса, театрларда балаларға арналған қойылымдар ұйымдастырылды. Міне, бұл жұмыстар – болашаққа бағытталған ауқымды істердің бастамасы ғана. Бағдарлама балаларымыздың парасатты, әділетті әрі жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасуына жол ашып, ел дамуын жаңа белестерге шығаратын күшке айналды деп сенеміз және осы бағытта жұмысты жалғастырамыз.

«Адал азамат» тұжырымдамасындағы ортақ құндылықтарды ұстанып, біртұтас әрекет еткенде ғана біз жас ұрпақты жауапкершілігі жоғары, адамгершілігі зор, отансүйгіш тұлға етіп тәрбиелей аламыз дер едім. Ал отаншылдық асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс.

ДӘРІС

«ТӘРБИЕ – ҰЛТТЫҚ, БІЛІМ – ӘЛЕМДІК»

қағидатына негізделген ашық диалог алаңдары білім саласының дамуына жаңаша серпін берері сөзсіз

Алмалы ауданындағы №124 жалпы білім беретін мектепте қала мектептері үшін тағылым мен тәжірибеге негізделген семинар болып өтті.

Тағылым мен технология

Қазіргі таңда білім саласына қойылатын талап жоғары. Сондықтан талап пен үдеден шығу үшін сабақ барысында жаңаша түрлі оқу әдістемелік іс-шаралар қолға алынып жатыр. Аталмыш мектепте өткен іс-шараның да басты мақсаты – шетелдік тағылымдамадан өткен ұстаздардың тәжірибесімен бөлісу, заманауи инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беру үдерісіне енгізу жолдарын ұсыну және жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін көрсету болды.

Сонымен, семинар ерекше дайындықпен басталып, ұлттық киімдегі мектеп оқушылары меймандарды жылы қабылдап, залға бастап жүрді. Келген қонақтар да мектептің іші мен сыртынан ұлттық рух пен заманауи өркениеттің үйлесімділігін сезініп, бірден жайлы ахуал орнады.

Әдетте, «Тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік» деген қағиданы жиі айтамыз. Міне, осы қағиданы мектеп ұжымы қатаң ұстанған сыңайлы. Алдымен қонақтар жағалай орналасқан қолөнер бұйымдарын аралай бастады. Көрмені мектептің көркем еңбек пәні мұғалімдері У.Оразғалиева мен А.Кенебаева ұйымдастырып, оқушылардың қолөнер және шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Сонымен қатар, семинарға қатысушыларға шағын шеберлік сағаттарын өткізді. Бұл – тек оқушылардың ғана емес, ұстаздардың да шығармашылық әлеуетін көрсететін тұс болды.

Цифрлық жаңашылдық

Мектеп психологтары М.Идрышева мен Г.Палжігіт жүргізген нейрожаттығулар арқылы қатысушылардың зейіні сергіп, жағымды психологиялық орта қалыптасты. Семинардың бүкіл бағдарламасы жасанды интеллект технологиясы арқылы жүргізілді. Бұл – білім ордасының цифрлық жаңашылдыққа бет бұрғанын айқын аңғартты.

Іс-шарада мектептегі вокал үйірмесінің жас өнерпаздары патриоттық әндер орындап, жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шараның ашылу салтанатында сөз алған АГЭУ жанындағы Стратегиялық және экономикалық даму орталығының директоры Г.Мұқышева барша қатысушылар мен мектеп ұжымына ризашылығын жеткізді.

Сингапур тәжірибесі: серпінді идеялар

Семинар барысында мектеп директоры, тарих пәні мұғалімі Г.Көкебаева, математика пәнінің мұғалімі Б.Аманов сөз алып, өздерінің Эстония, Финляндия, Сингапур елдерінен үйренген тәжірибесімен бөлісті. Әлемдік білім жүйесінің артықшылықтарын отандық біліммен ұштастыру жолдары нақты мысалдар арқылы ұсынылды.

География пәнінің мұғалімі У.Рахымбекова да сингапурлық білім беру жүйесінің функционалды сауаттылыққа қосқан үлесін тарқата айтып, тыңдаушы

лардың назарын аударды. Келесі кезең іс-тәжірибелік бағытқа ойысып, түрлі тақырыптағы баяндамалар ұсынылды. Атап айтқанда: «Стимулятормен жұмыс», «PISA тапсырмаларын білім беру платформаларында орындау», «Жасанды интеллект көмегімен функционалды сауаттылық тапсырмаларын әзірлеу», «Білім берудегі жасанды интеллект және мобильді роботтар», «ZOOM» ойыны, «ЖИ басқарылатын робот мүмкіндігі», «First Tech Cup» атты роботтар жарысы – бәрі де қатысушыларға тың жаңалықтарын жеткізді.

Семинар соңында қала мектептерінен келген ұстаздар кері байланысқа шығып, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, ұсынылған жаңа тәжірибелер үшін алғыстарын жеткізді. Әрине, мұндай ашық диалог алаңдары білім саласының дамуына жаңаша серпін берері сөзсіз. Жаңаша идеялар мен ұсынылған әдістер – ұстаздардың кәсіби дамуына жасалып отырған жаңа мүмкіндік екені анық.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»



«ЖАСЫЛ АУЛА»

экоакциясы қаланы көгалдандыру мен табиғатты қорғауды көздейді

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы жыл сайын ұйымдастыратын «Жасыл аула» акциясы аясында көгалдандыру мен жасыл желек қорын сақтау бағдарламасын жалғастыруда. Мегаполистің барлық сегіз ауданында көшеттер тарату акциясы өтті.

2025 жылдың көктемгі кезеңінде 228 өтінім мақұлданып, соған сәйкес шамамен 2 мың көшет таратылады. Қала тұрғындары көпқабатты үйлердің аулалары мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру үшін жапырақты ағаштардың көшеттерін тегін алды.

Алатау ауданындағы «Зерделі» ықшамауданының тұрғыны Дариға Жанғожина да КСК төрайымымен бірге көшеттерді алу үшін тарату пунктіне келген екен.

– Акция жайлы әлеуметтік желілерден білдім, кейін Алатау ауданының барлық тұрғындарына чаттар арқылы хабарландыру тараттық. «Зерделі» ықшамауданында әлеуметтік әлсіз топтарға арналған үйлер салынған – мұнда мүгедектер, көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, зейнеткерлер мен жетім балалар тұрады. Біз ауланың көрікті болғанын қалаймыз, ағаштар мен гүлдер өсіп тұрса, тұрғындарға серуендеу де жағымды болады. Көршілермен бірге көшеттерді аулаға отырғызамыз, – дейді Дариға Жанғожина.

Көшет алуға келгендердің қатарында қала тұрғыны Олжас Тажитаев та бар. Ол да көршілерімен бірге ауланы көгалдандыруды ұйғарған.

– Бізге 20 көшет бөлінді. Бәрі бізді күтіп отыр, алып барған соң бірден отырғызуға кірісеміз. Әр ағашқа жауаптымыз, оларды күтіп-баптаймыз. Мұндай акциялар қаламызды көгалдандыру үшін қажет. Тұрғындар бұл үдерісте белсендірек болғаны жөн, – дейді ол.

Акцияға отбасылар да қатысты, олардың бірі – Сағындықовтар жанұясы. Отбасы отағасы Серік Сағындықов мұндай іс-шаралар қаламызға аса қажет деп санайды.

– Бағдарлама жайлы әлеуметтік желілерден білдім. Қатысу үшін өтінім беріп, осында келіп көшеттерді алу керек болды. Біз оларды үйдің жанындағы жерге отырғызамыз. Жақсы бастама, осындай іс-шаралар көп болса екен, – деді ол.

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялау бастамасын қолдау мақсатында Алматы қаласында орналасқан Принтмедиа колледжі жаңа форматтағы тағылымды іс-шара ұйымдастырып, баспа саласын дәріптеуге айрықша үлес қосты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәлима ТОҚМАҒАНБЕТОВА, колледж директорының орынбасары:

Жастарға кәсіби бағдарын анықтауға көмек

Біздің мақсатымыз – болашақ түлектерге нақты кәсіппен ерте танысуға мүмкіндік беру. Полиграфия – тек қағаз басу ғана емес, ол маркетинг, жарнама, сандық технологиялармен тығыз байланысты шығармашылық сала. Бұл шеберлік сағаты жастардың бойында осы бағытқа деген қызығушылықты оятып, кәсіби бағдарын анықтауға көмектеседі.



(Сурет: автор)

бағы – еңбек нарығында суранысқа ие, заман талабына бейімделген кәсіптерді жастар арасында на-

ФОРУМ

«ҚАЗАҚСТАН – 2025»

Алматыда құрылысшылар мен архитекторлардың XIX форумы өтті

Іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен құрылысшылар, облыстардың сәулет және қала құрылысы басқармаларының басшылары, бас сәулетшілері, инженерлер, жобалаушы кәсіпорындардың өкілдері мен дизайнерлері және Қырғызстан, Беларусь елдерінен келген мамандар қатысты. Сонымен қатар, форум аясында үздік сәулет жобалары көрсетілген көрме ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Алқалы жиынның алғашқы сессиясында шаһар басшысы Ерболат Досаевтың форумның ашылуына орай құттықтауын жеткізген Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Нұрлан Боранбаев жиналған құрылысшылар алдында сөз сөйледі.

– Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Яғни еліміздің барлық өңірлеріндегі шаһарларда бар мәселелер біздің қаламызда айрықша білінеді. Бұл, әсіресе, қалалық ортаға арналған тиімді заң мен құқықтық нормалардың болмауына байланысты. Осы орайда, іс-шараға қатысатын білікті мамандарды бұл мәселелерді ортақ жолмен шешуге шақырамын. Қала құрылысы форумы – дәстүрлі форумға айналды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Жыл сайын қаламызда үздік құрылысшылар, архитекторлар жиналды. Оның мақсаты – әр өңірдің өзінің талаптары мен мәселелері бар, соны – ортаға салып, пікір алмасып, ортақ жолын табу. Себебі, осы салада мәселелер жеткілікті. Мысалы, қазіргі қала құрылысы құжаттары кеңестік кезеңдегі стандарттар бойынша қалған. Бұл сол кездегі жоспарлы экономикаға негізделген. Қазір заман өзгерді, қала аумағының көп бөлігі жеке меншікке тиесілі. Соған сай біз стандарттарды ауыстыруымыз қажет, – деді Нұрлан Боранбаев.

Жиын барысында жол-көлік инфрақұрылымына қатысты мәселелер де талқыланды. Бұл тақырып

бойынша Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев қала жоспарларымен бөлісті.

– Біз Алматы қаласы көлік қаңқасының бас жоспарын әзірлеп, оны бекіттік. Онда 42 жол дәлізі көрсетілген. Оның 296 шақырымы – BRT желісі, 300 шақырымы – LRT желісі және 35 шақырымы – метро. Метроны дамыту үшін біз желіні батыс бағытта «Барлық» базарына, шығыс бағытта «Жібек жолы» бекетінен әуежайға дейін, солтүстік бағытта «Сайран» бекетінен Қапшағай автожолына дейін жеткіземіз. Осы айтылған нүктелерде үлкен көлік хабы болады – деді Сағындық Телібаев.

РУХАНИ КЕШ

«ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҮЙ»

Шаһарда ресейлік өнер ұжымдарының қатысуымен әсерлі мәдени іс-шара өтті

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концерт залында өткен екі бөлімнен тұратын кешке көрермендер толы болды.

«Алтай» ансамблі бір актілі балет – «Жол бойындағы үй» қойылымын ұсынды. Бұл қойылым Александр Твардовскийдің поэмасы негізінде, Валерий Раврилиннің музыкасына қойылған. Кеш соңы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған символикалық көрініспен аяқталды. Бұл мәдени іс-шара Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени байланыстарды нығайтып, көрермендерге рухани серпіліс сыйлады.

Ресейдің еңбек сіңірген әртісі Николай Комиссаров жетекшілік ететін Е.Борисов атындағы «Сібір» мемлекеттік орыс халық аспаптар оркестрі мен А.Ф. Березиков атындағы «Алтай» мемлекеттік жастар ән және би ансамблінің вокалдық тобы «Во все века» атты музыкалық композиция ұсынды. Бағдарламада солист ретінде Ресейдің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Олег Марков өнер көрсетті.

ғысқан тұстарын тәжірибе арқылы сезінді. Жасөспірімдер макет жасау, графикалық дизайн әзірлеу, цифрлық баспа құралдарымен жұмыс істеу сынды кәсіптік машықтарды өз қолдарымен жасап көрді.

Іс-шара барысында полиграфия саласының мүмкіндіктері кеңінен қамтылып, бұл кәсіптің жан-жақтылығы мен келешегі зор екені дәлелденді. Теория мен практиканы ұштастыра өткізілген дәріс жасөспірімдерге өз қабілеттерін ашуға, кәсіби ортада өзін еркін сезінуге жол ашты. Бүгінгі білім мен тәжірибе тоғысқан осындай бастамалар арқылы жастар еңбекке бейімделіп қана қоймай, өз болашағына сеніммен қарай алады. Полиграфия – жай ғана баспа ісі емес, ол – ойды бейнеге, қиялды іске айналдыратын шығармашылықтың алтын көпірі.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.

САЛТ-ДӘСТҮР

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
сахна төрінде қайта тірілді

«Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша филиалдары тағылымды әрі мазмұнды іс-шара ұйымдастырды.

Мерекелік жиынға 100-ге жуық ақ жаулықты аналар қатысып, бүгінде ұмыт бола бастаған қазақтың байырғы салт-дәстүрлерінен қойылымдар ұсынды. Қойылым мазмұны «Қонақ күту», «Шәй беру» дәстүрінің рәсімдері, келін мен қайынсіңлі арасындағы сырласу және өзге де салт-жоралғыларға арналды. Іс-шараның басты мақсаты – ата-бабамыздан жеткен ұлттың рухани мұрасын жаңғыртып, дәстүр мен ғұрыпты заманауи қоғаммен сабақтастыру. Көпшілікке кеңінен танымал салттармен қатар, бүгінде сирек қолданылатын жөн-жоралғылар, ырым-тыйымдар, кәделер сахна төрінде қайта тірілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләйле Ноғайқызы ДӘУЛЕТ,
«Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ
Алматы және Алматы облысы
филиалдарының басшысы:

ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР БАҒДАР

Бұл іс-шара ұлттық болмысымызды дәріптеуге, ұрпаққа тіліміз бен мәдениетімізді аманаттауға бағытталған. Жиынымыз Наурыз мейрамына орай ұйымдастырылды. Бұл – тек басқосу емес, терең тәрбиелік мәні бар іс-шара. Мақсат – ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерді тірілтіп, жастардың санасына сіңіру.

Маржангүл ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Әуезов аудандық филиалының төрайымы:
ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Мақсатымыз – келешек ұрпаққа алтын көпір болу. Жастар қазақтың төл дәстүрін ұмытпай, оны жалғастырып жүрсе – ең үлкен жетістік осы. Жыл сайын осындай үлкен көлемде ұйымдастырылатын бұл жиын биылғы жылы да жоғары деңгейде өтті. Мұндай игі бастамалар ұлттың рухани жаңғыруына серпін беріп, өскелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Дәстүрімізді дәріптеген осындай іс-шаралар жыл сайын тұрақты түрде жалғасын тапса, халқымыздың болмысы мен бірегейлігі мәңгі жасайтыны анық.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ

қала экономикасына жұмыс істейтін ірі алаң

Бүгінде Алматыда Индустриалды аймақтың жұмысы белсенді түрде қарқын алған. Бұл туралы Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мен Өңірлік коммуникациялар қызметі бірлесіп ұйымдастырған баспасөз туры барысында Алматы қаласының Индустриалды аймағының (АИА) инвесторларды сүйемелдеу департаментінің бас маманы Ян ПРОКУДИН мәлімдеді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Өндірістік қуат екі есе артты

Алматы қаласының Индустриалды аймағы – инвестициялық жобаларды орналастыру үшін құрылған ірі өндірістік алаң. АИА-да жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың арасында автоматтандырылған және роботтандырылған технологиялар енгізілген ірі өндірістік алаңдар бар. Жаңғырту есебінен биыл жұмыс орындарының саны мен оқшаулау деңгейі ұлғайды, ал жекелеген бағыттар бойынша өндірістік қуаттар екі есеге артты. Осындай кәсіпорындардың бірінің жалпы штаты 1600 адамға жетті.

- **Аймақ аумағында 107 компания жұмыс істейді, ал инвестициялардың жалпы көлемі 550 млрд. теңгеден асады.**
- **2016–2024 жылдар аралығында мұнда 41 жоба іске асырылып, 4,4 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, ал шығарылған өнім сомасы 2,5 трлн. теңгеден асты.**
- **Былтыр индустриалды аймақта 13,4 млрд. теңгенің 11 жобасы іске қосылды. Нәтижесінде 977 жұмыс орны құрылды, оның ішінде алты ірі өндіріс орны, сондай-ақ бес шағын өнеркәсіптік парк бар.**

Микрошөп өсіретін жылыжай

Былтырғы желтоқсанда осы Индустриалды аймақта салат, руккола, базилик және басқа да микрошөп түрлерін өсіруге арналған инновациялық кешен іске қосылды. Журналистер баспасөз туры барысында осы кәсіпорынның да жұмысымен танысты.

Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 300 мың өнімді құрайды. Инвестициялар көлемі – 121 млн. теңге, оның ішінде 100 млн. теңге – өз қаражаты, 21 млн. теңге – «Almaty» микроқаржы ұйымы» ЖШС-нен («Алматы» ӘКК» АҚ еншілес компаниясы) 2% мөлшерлемемен алынған қарыз ақша.

Жобаны іске асыруға кәсіпкерлер жеке инвестиция салды. Бұл қаражатқа металл сөрелер жасалды, шамдар, кептіргіштер, кондиционерлер, су сүзгілері, контейнерлер, сорғылар, сондай-ақ өнімді жеткізуді ұйымдастыруға арналған автомобиль сатып алынған.

Көлікті роботтар дәнекерлейді

Биыл да Алматы қаласының индустриалды аймағында жалпы құны 135,5 млрд. теңгені құрайтын 11 жаңа жоба іске қосылмақ. Аталған жобалар аясында 2662 жұмыс орны ашылады деген болжам бар.

Маңызды жобалардың бірі – қолданыстағы өнеркәсіп орындарының жанынан құрылып жатқан автомобиль компоненттері технопаркі болады.



Бүгінде мультимедиялық жүйелер, автокреслолар, логистикалық хаб өндірісі жолға қойылды. Нәтижесінде 400-ден астам жұмыс орны құрылмақ.

Сонымен қатар, индустриалды аймақтағы жұмыс істеп тұрған автомобиль шығаратын зауыттардың бірі ауқымды жаңғыртуды аяқтады: дәнекерлеу және бояу роботтары, автоматты конвейерлер, жаңа конвейерлер орнатылды. Бұл автоматтандыру деңгейін арттыруға, оқшаулау үлесін арттыруға және инженерлік кадрлардың жаңа деңгейін құруға мүмкіндік берді.

Енді зауыт дәнекерлеу және бояу (CKD) кезеңдерін қамтитын шағын түйінді әдіспен автокөліктердің 50%-дан астамын шығара алады.

16 шағын өнеркәсіп паркі жұмыс істейді

Жалпы, Алматының Индустриалды аймағындағы автоөндіріс кластерін дамытуға салынған инвестиция көлемі 64 млрд. теңгеден асты. Бұл отандық автоөнеркәсіптің тұрақты экожүйесін қалыптастыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнесті дамытуға, сондай-ақ білікті инженер мамандарды даярлауға зор серпін беруде.

Спикерлердің айтуынша, елімізде автоөнеркәсіпті дамыту индустрияландырудың басым бағыттарының бірі болып қала береді. Осындай жобаларды жүзеге асыру біздің өнеркәсіптік әлеуетімізді нығайтып, технологиялық ілгерілеуімізге жол ашады.

Сондай-ақ, биыл индустриалды аймақта қосымша 5 шағын өнеркәсіп паркі (ШӨП) ашылады. Бұл жобаларға 2,48 млрд. теңге инвестиция салынып, 640 жұмыс орны құрылмақ.

Индустриалды аймақтың дамуы Алматы қаласындағы шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламаларымен қатар жүргізілуде.

- **Бүгінде қалада 1594 адам еңбек ететін 16 шағын өнеркәсіп паркі жұмыс істейді. 2026 жылға дейін тағы 24 парк салу жоспарланып отыр.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол ҚАСЫМХАНОВ,
Hyundai Trans Kazakhstan компаниясы
директорының өндіріс жөніндегі
орынбасары:

Жұмыс орындарының саны артты

Индустриалды аймақтан орын тепкен зауытта 11 өнеркәсіптік робот орнатылып, өндірістік желі-

лер кеңейтілді, жұмыс орындарының саны артты. Биыл кәсіпорынның қызметкерлер саны 1600 адамға жетеді.

Жалпы ауданы 100 мың шаршы метрді құрайтын автокомпоненттер технопаркі үш негізгі нысанды біріктіреді: автокөлік орындықтарын шығаратын зауыт, мультимедиялық жүйелер зауыты және логистикалық хаб. Біз заман көшінен қалмай, елімізде автоөнеркәсіпті дамытуға үлес қосып жатқанымызды мақтан етеміз.

Ян ПРОКУДИН,
Алматы қаласының Индустриалды аймағының
инвесторларды сүйемелдеу департаментінің
бас маманы:

Толыққанды инфрақұрылым қалыптастырамыз

Индустриалды аймақтың жалпы ауданы 490 гектарды құрайды. Оның 326 гектары түрлі жобаларға бөлінген. Индустриалды аймақ жоғары технологиялық өндірістер үшін тартылыс орталығына айналууда. Бұл Алматының болашақ индустриялық дамуы мен жаңа жұмыс орындарын құру үшін маңызды. Иә, біз тек өндірістік алаңдар ғана емес, инвесторлар үшін қала экономикасының мүддесіне жұмыс істейтін толыққанды инфрақұрылым қалыптастырып жатырмыз.

Ульяна САВЧЕНКО,
«Three» жылыжай директоры:

Бағалар тұрақты болып қалады

Бүгінде көптеген адам дұрыс тамақтануды қалайды. Экологиялық таза өнімдерге сұраныстың артуына байланысты біз осы салат, руккола, базилик және басқа да микрошөп түрлерін өсіретін жылыжайды аштық. Гидропонды жүйелер бізге сапалы көк шөп өнімдерін жыл бойы, ГМО мен химия пайдаланбай өсіруге мүмкіндік береді. Маусымдық өзгерістер бағаға әсер етпейді, тіпті маусымның ең қызған кезінде де бағалар тұрақты болып қалады.



БІЛІМ БҰЛАҒЫ

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

білімпаздық, ізденімпаздық, кітапқұмарлық сияқты игі қасиеттер дәріптелетін мереке

Ел даналары кітапты ақылына ақы сұрамайтын білім бұлағы, салт-дәстүріміз бен мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші асыл қазына, ұлттық құндылық ретінде дәріптеген.

Рая
ЕСКЕНДІР

Өткен жылы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Ұлттық кітап күнін белгілеу жөнінде тапсырма берген еді. Биылдан бастап 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып белгіленді. Атаулы күнге орай Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды рухани мерекемен құттықтады. «Биыл алғаш рет аталып жатқан Ұлттық кітап күні құтты болсын! Бұл – білімпаздық, ізденімпаздық, кітапқұмарлық сияқты игі қасиеттерді дәріптейтін күн. Кітап оқыған ұрпақ озық ойлы болады. Сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасады», делінген құттықтауда.

«ЗИЯТКЕР ҰЛТ ПЕН САНАЛЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ»

Астанада Ұлттық кітап күніне арналған салтанатты жиын өтті. Іс-шараға ҚР Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, танымал ақын-жазушылар, Мемлекеттік сыйлық иегерлері, ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, баспа саласының өкілдері, облыстық кітапханалардың басшылары және шығармашылық зиялы қауым қатысты.

«Сан ғасырлар өтсе де, кітаптың адамзат үшін маңызы өзгерген жоқ. Бүгінде кітап – зияткер ұлт пен саналы қоғам қалыптастырудың негізгі құралына айналды. Қазіргі таңда қолданып жүрген барлық технология, медицина, өнер, бәрі де кітап оқу арқылы дамыған. Сондықтан Мемлекет басшысы айтқандай, кітап – ұлттың рухани құндылығына айналуы тиіс. Ұлттық кітап күнін атап өтудің басты мақсаты – осы», – деді Ерлан Қошанов құттықтау сөзінде.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Салтанатты іс-шара аясында Мәдениет және ақпарат министрлігі жариялаған «Ұлттық кітап» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, байқауға кейінгі екі жылда жарық көрген отандық авторлардың туындылары ұсынылып, 9 номинация жеңімпаздары мен «Жыл кітабы» анықталды. Байқауға 120-дан астам өтінім түскен. Әр номинация бойынша

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

Әділ ҚОЙТАНОВ,
Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры:

ҚҰРМЕТ ТЕ, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТА БАР

Ең алдымен, бұл іс-шара – ұлттық құндылығымызды ұлықтау, кітапты, жазушыларды ұлықтау. Кітапхана – оқырман мен жазушының арасындағы рухани көпір деп айтуға болады. Ең үздік туындыларды, оқырманға керек, патриоттық тұрғыдағы кітаптарымызды көрмеге қойдық. Сайысқа қатысқан жастардың кітап оқитыны көрініп тұр. Кітап авторын, кейіпкерлерін танып, біліп тұр. Романнан үзінді айтып, бірін-бірі іліп әкетіп жатыр. Иә, осынау сайысқа қатыса отырып, өз басым «кітап оқылмайды» деген пікірмен келіспес едім. Кітапқа деген қызығушылық пен құрмет барда, руханиятымыз бен мәдениетіміз өркендей бермек.

жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Іс-шара барысында сирек кітаптар мен қолжазбалар, Жеңістің 80 жылдығына арналған әдебиеттер, сондай-ақ 2024 жылы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген 200-ге жуық кітап пен суреттердің көрмесі ұсынылды. Айта кетейік, Ұлттық кітап күніне орай 16–23 сәуір аралығында республика бойынша 300-ден астам тақырыптық іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде кітап оқу мәдениетін насихаттауға бағытталған челлендж өтті. Оған алғашқылардың бірі болып ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлері қатысып, көпшілікті кітап оқуға шақырды. Биыл Ұлттық кітап күніне орай еліміздің барлық кітапханаларында ұлттық кітап апталығы басталды. Кітапқа құрмет оқу мәдениеті мен сөйлеу мәнеріне жол ашады.

ҰЛТТЫҚ КІТАП АПТАЛЫҒЫ

Алматыдағы Принтмедиа технологиялар колледжінде «Кітап – білім бұлағы» атты қалалық колледжаралық сайыс

өткізіліп, іс-шара аясында иллюстрациялық кітап көрмесі ашылды. Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының ұйымдастыруымен өткен іс-шараға Алматы қаласы колледждерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жетекшілері мен студенттер қатысты. Іс-шараны колледж басшысы Гүлзада Абдуллаева ашты.

Аталмыш іс-шара Жұмысшы мамандықтары жылы аясында өтіп отыр. Сайыс мақсаты – қазіргі ақпараттық технология белең алған кезеңде оқырмандарды кітап оқуға тарту, кітаптың маңыздылығын насихаттау, оқу мәдениеті мен сөйлеу мәнерін дамыту, сөздік қорды молайту. Рухани және интеллектуалдық дамудың негізгі көзі ретінде қоғамның кітапқа деген қызығушылығын ояту, отбасылық оқу дәстүрін сақтау және жалғастыру.

Соңғы кездері «жастар кітап оқымайды» деген сыни пікір жиі айтылып жүр. Бұған кітапхана қызметкерлерінің де айтар жауабы бар. Жастар кітапханаға барады, кітап оқиды. Дегенмен, кітапқұмарлар сайысы барысында біз жастардың кітап оқи-

КЕРЕК ДЕРЕК

- Бүгінде еліміз бойынша 12 мыңдай кітапхана жұмыс істейді. Бұл кітапханалар қорында 300 миллиондай дана кітап бар. Қазақстандағы қоғамдық кітапханаларда 100 мыңнан астам қолжазба мен сирек басылымдар сақтаулы.
- Еліміздегі ең ірі кітапхана – Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының қорында 1,3 млн.-нан астам кітап бар. Оның ішіндегі 13 875-сі сирек кітаптардың 200-ге жуығы көне қолжазбалар. Бұдан бөлек, нефрит тастан, беттері жібектен жасалған немесе таспен, күміспен, қымбат тастармен қапталған таңғажайып кітаптар бар. Қордағы сирек кітаптар XVI ғасырдан бастау алады.
- Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасы (kazneb.kz) бірегей жобасының қорында 64 тілде 79 870 құжат бар. Электронды мұрағатта араб, парсы, татар және шағатай тілдеріндегі қолжазбалар, сондай-ақ араб графикасында жарияланған 10 мыңнан астам сирек кітаптар мен қолжазбалар сақталады.
- «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ халқының 1000 әні, бүкіл қазақ ауыз әдебиеті қамтылған «Бабалар сөзі» атты 100 томдық жинақ, батырлар жыры мен аудиокітаптар жарық көрді. 400 мың виртуалды оқырман онлайн тіркелген, онлайн жазылады. Кітаптар онлайн QR-кодпен қойылған. Электронды кітапхананы 100-ден астам елде пайдаланады.

тынына куә болдық. Мәселен, олар Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», М.Мағауиннің «Бір атаның балалары», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты кітаптарынан үзінділер айтып берді. Қысқасы, сайыстың үш кезеңінде де студент-жастар барлық шарттарды орындап, мүдірмей өтті. Алматы қаласы колледждерінде білім алып жатқан студенттер кәсіби білім алу мен қатар, ұлттық рухани құндылықтарға, кітап оқуға деген қызығушылықтарын да байқатты. Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерлан МҰРАТБАЕВ,
мектеп директоры:

БАРШАМЫЗ ҮШІН БАҒДАРШАМ

Бұл – жай ғана мереке емес, бұл – ұлт руханиятын, білім мен мәдениеттің қайнар көзі – кітапты ұлықтайтын ерекше күн. Кітап – адамзат ақыл-ойының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің шежіресі, рухани байлықтың өлшемі, мәңгілік мұра. «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деген Мемлекет басшысының сөзі баршамыз үшін бағдаршам болуы тиіс. Ұлттық кітап күні – оқырман мен кітаптың, ұстаз бен шәкірттің, қоғам мен руханияттың арасындағы алтын көпір іспетті.

Кешке қатысушылар дәстүрлі мерекенің алдағы жылдары да өз жалғасын табарына сенім білдірді.

КЕМЕЛДІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Ұлттық кітап күні Алматы қаласындағы №184 жалпы білім беретін мектеп үшін ерекше күнге айналды. Қалалық білім басқармасы мен ҚББЖТҒӘО ұйымдастыруымен өткен бұл мерекелік іс-шараға ұстаздар, оқушылар, атааналар мен білім саласының өкілдері белсене қатысты. Оқуға құштар ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еткен кеш – рухани дамудың мәні мен маңызын тереңінен сезіндіре білді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл мереке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында көтерген бастамасымен бекітілген болатын. Президент: «Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деп атап өткен еді. Осы тұжырым кеш мазмұнының өзегіне

айналып, көрерменнің жүрегінен орын алды.

Іс-шара «Бірге оқиық» республикалық челленджі аясында өтті. Кеш шымылдығын «Көркем» ансамблінің орындауындағы «Ерке сылқым» күйі ашса, «Жалын» квартеті шырқаған «Алматы түні» әні көрерменді тебіrentті. Бұдан кейін сахна төрінде кезекпен «Ұстазым», «Кел, досым, кітапханаға!», «Оқуда озат боламын» әндері орындалып, «Қамажай», «Айгөлек» билері мен поэзия үзінділері кештің көркін қыздыра түсті.

ПАТРИОТИЗМ

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ

отаншылдыққа баулиды

Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында «Менің Отаным – Қазақстан» атты қалалық туристік-өлкетану жасақтарының слеті өтті. Оған қаланың 22 мектебінің оқушылары шақырылды.

Аталмыш слеттің басты мақсаты – еліміздегі туризм саласының дамуына үлес қосу. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын туған өлкесінің тарихын білуге, мәдени және рухани мұрасын тануға баулу, Отанды зерделеу жұмыстарына тарту, туристік-экспедициялық жұмыстың дәстүрлі нысандары мен балаларды туристік іс-шараларға тарту арқылы оларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайтуды көздеп отыр.

Алғашқы сөз кезегін алған Туристік-өлкетану бөлімінің жетекшісі Ренат Игамбердиев, жас ұрпақ бойына патриоттық және азаматтық сезім қалыптастыру үшін экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру аса маңызды екеніне тоқталды. Жас туристер кең байтақ Қазақстанның табиғаты, кен көздері, жорық жолдары туралы көптеген мәлімет алды. Өзіндік зерттеу жұмыстарын да ортаға салды.

Слет барысында қатысушылардың «Менің кіші Отаным», «Туристік маршруттар», «Туристік әндер» байқауы номинациясы бойынша жұмыстары бағаланып, қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтады.

Қалалық слет жеңімпаздары енді аз күнде «Менің отаным – Қазақстан» атты туристік экспедициялық жасақтарының республикалық слетіне қатысатын болады.

РУХАНИЯТ

КӨНЕ АСПАПТАР КҮМБІРІ

Алматы қаласының Бостандық ауданы аумағындағы №68 бөбекжай-балабақша шаңырағында «Музыкалық аспаптар және олармен жақын танысу» атты кең ауқымды кеш өтті.

«Бұл ән бұрынғыдан өзгереді...» деп Шәкәрім бабамыз айтқандай, шындығында бұл кештің бала үшін ғана емес, ата-ана үшін де тағылымы зор болды. Көнеден жеткен аспаптардың күмбірі бақша ішін кернеп, бүлдіршіндер музыка құдіретіне тәнті болды.

Бөбекжай-балабақшаның музыка жетекшісі Ғалымжан Шәріпов музыкалық жоғары білімі бар, бірнеше аспапта шебер ойнайтын жан-жақты маман. Әрбір аспаптың шығу тарихын тарқата айтып, таныстырып отырды. Балалар экран арқылы көрсетілген аспапты үнінен танып, музыкаға деген қабілеттіліктерін танытты. Балалар музыка аспабының орындалуына ғана емес, оның дыбысталуына да мән беріп отырды. Бұл күні өнерпаз ата-аналар домбыра, баян, шертер, сазсырнаймен қатар, ең көне үрмелі аспап түрі аталатын саксафонда да ойнады. Қатысушылардың да жандары жадырап, рухани демалып қайтты. Қонақтар педагог-психолог А.Құрасбаеваның сергіту сәтіне де қатысты.

«Музыка – жанды жадыратады. Өнерді түсініп өскен баланың өресі биік, адами қасиетке бай болады. Бәлкім, осы балаларымыздың арасынан болашақ өнер адамының шықпа-сына кім кепіл», – дейді ризашылық білдірген ата-аналар.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Алматы қаласы Білім басқармасы, Білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы, Түркісіб аудандық білім бөлімі және №211 мектеп-гимназиясы мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика» кафедрасының ұйытқы болуымен «Жасанды интеллект дамуының заманауи талаптары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Жиынның негізгі мақсаты – сабақ үдерісінде жасанды интеллектті тиімді қолданудың жолдарын қарастыру, функционалдық сауаттылықты арттыру тетіктерін ұсыну, сондай-ақ мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына мұғалімнің ықпалын бағамдау. Сонымен қатар, бұл жиында заманауи технологияларды оқу-тәрбие үдерісін енгізудегі жаңашыл әдістер де кеңінен сөз етілді.

Іс-шараның модераторы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты Болатхан Серғазыұлы конференцияның бағыттарын нақтылай келе, әр секцияның жұмыс барысына тоқталып өтті. Төрт түрлі бағыт қамтылған секциялық отырыстарда жасанды интеллектті пайдаланудың оң және күрделі қырлары, бастауыш сыныптарда цифрлық технологияны енгізудің ерекшеліктері, жаңартылған білім мазмұнына сай оқыту әдістері және біртұтас тәрбие жүйесіндегі ұстаз рөлі жан-жақты талқыланды.

Баяндамаларда білім саласындағы өзекті мәселелерге арналған тың идеялар мен тәжірибелер ортаға са-

Білім беру жүйесі:

САНДЫҚ СЕРПІЛІС

жаңа мүмкіндіктер мен бетбұрыстарға жол ашады



лынды. Атап айтқанда, рухани құндылықтарды ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыруда тарих, физика, орыс тілі, география, химия, биология, математика, музыка бағдарларында және бастауыш сыныптарда жасанды интеллект құралдарын пайдалану мүмкіндіктері сөз болды. Әр баяндамашы өз пәні шеңберінде инновациялық әдістерді тиімді қолданудың жолдарын ұсынды. Мәселен, №211 мектеп-гимназиясының ұстаздары мен Түркісіб ауданының өзге мектептерінен келген мұғалімдер, сондай-ақ өзге өңірлерден шақырылған педагогтар жасанды интеллектті тәжірибеде қолдану барысында кездескен қиындықтарға тоқталып, жетістіктерімен де бөлісті. Бұл – білім беру саласындағы цифрлық серпілістің нақты көрінісі.

Конференция соңында қатысушылар бірқатар маңызды шешім қабылдады. Атап айтқанда, электронды оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындау, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, жаңа технологияларды сабақ үдерісіне енгізу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және білім ордаларын техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселелері төңірегінде ой бөлісті.

Жиын соңында қатысушы ұстаздарға арнайы сертификаттар мен конференция материалдары топтастырылған жинақ табысталды. Жалпы, бұл ғылыми-практикалық басқосу білім беру жүйесіндегі жаңа бетбұрыстарға жол ашып, ұстаздар қауымына тың серпін бергені анық.

КӘСІБИ БАЙҚАУ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінде» Білім басқармасының «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» ұйымдастыруымен қалалық «Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері» атты байқау өтті. Осымен бесінші мәрте өтіп отырған кәсіби байқауға Алматы қаласы колледждерінің студенттері қатысты.

Байқауға қатысушылар қазақтың көне ұлттық қолданбалы өнерін жаңғыртып, тамырына қан жүгіртті. Мәселен, ұмыт болуға айналған жүн түтіп, киіз басу өнері қайта жаңғырды. Байқау шартына сәйкес студент-жастар киіз басу, текемет жасау, кесте тігу, құрғақ жүннен бұйым жасау, құрақ құрау сияқты ежелден келе жатқан дәстүрлі өнерімізді іс жүзінде қолданды.

Осылайша бірнеше кезеңді қамтыған байқауға келген колледж командалары өздеріне берілген тапсырмаларды орындауға кірісті. Алдымен қатысушылар алдын ала берілген үй тапсырмасын қазылар алқасының назарына ұсынып, кесте тігу, ою жапсыру арқылы дайындалған панноларын көрсетті. Сонымен қатар, ұлттық стильде тігілген коллекциялар шеруі де тартымды шықты. Байқау шартына сай киіз басу әдісімен текемет жасау, жастық тысын тігу, құрғақ киіз басу әдісімен жүннен бұйым жасау кезеңдерінен студенттер сүрінбей өтіп, ұлттық өнерімізді көрсете білді.

Байқау соңында қазылар алқасы жеңімпаздарды Алғыс хаттармен марапаттап, жастарды қазақтың дәстүрін ұмытпауға шақырды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдат АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ, балабақша меңгерушісі:

Тәрбиенің қайнар көзі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын негізге ала отырып, осы тақырыпқа тоқталдық. Кішкентай бүлдіршіндер домбыраны жақсы біледі. Өйткені, ұлтымыздың құнды да киелі аспабы кез келген отбасының төрінен табылады. Ал сазсырнай мен қылқобызды көре бермеуі мүмкін. Сондықтан балақайлар өз ұлтының бай мұрасымен сусындап өссін деп, осы тақырыпты таңдап отырмыз. Жалпы, баланың жан-жақты дамып, толық қалыптасуы үшін музыканың алар орны ерекше. Музыка – адам жанының емшісі. Ол адамға мотивация беріп, өмірге деген құштарлығын оятады. Әдемі әсер, нәрлі ой туғызады. Халқымыздың музыкалық аспапта орындалатын әндері балаларға берілетін тәрбиенің қайнар көзі іспетті. Кезінде ұлы Абай атамыз «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп тегін айтпаған ғой. Иә, бала ойын арқылы өсіп, ойын арқылы дамиды. Ал музыка арқылы олардың эстетикалық талғамы дамиды.



ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АБЫЗЫ ЕДІ...

Әдебиетіміздің абыз ақсақалы, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург әрі сценарист Әкім Тарази дүниеден озды.

Әкім Үртайұлы – қаламыздың тумасы, саналы ғұмырын төл әдебиетіміздің көркеюіне, кинодраматургия саласының дамуына арнаған бірегей тұлға. Дәуірдің дарынды қалам иесі өзінің терең философиялық мазмұнға толы шығармаларымен халқының санасына жарық берді. Ол ұстаздықтан бастаған еңбек жолын ұлт мәдениетінің көкжиегін кеңейтуге бағыттады. Соңында ұлт руханиятының ұстазына айналды.

Классик жазушы өзінің тырнақалды туындысы «Құйрықты жұлдыз» повесінен тартып, «Қара жұлдызға жол», «Қасірет», «Москва – Баласағыз» романдарына дейінгі елеулі туындыларында адам жаны мен дәуірінің боямсыз шындығын арқау етті. Ал «Күлкісіз комедия», «Жақсы адам», «Жолы болғаш Бүкен» сынды пьесалары арқылы қоғам шындығын жеткізудегі шеберлік шыңын танытты.

Әкім Тарази қаламынан тек классикалық әдебиетке тән туындылар ғана туған жоқ. Оның шығармалары өз заманындағы жаңашылдыққа ұмтылған жаңа толқынның дем-тынысы болып, адамзат руханиятына үн қосты. Бағалы мәдени мұра іспетті ел көңілінде қалған «Іздер көкжиекке кетеді», «Қараш асуындағы атыс» және «Ләйләнің тілегі» сынды фильмдерге сценарий жазып, қазақ мәдениетіндегі мәртебесін анық бекемдей алды.

Әдебиет пен мәдениеттің мәйегі, мәрмәр ой мен көркем сөздің көсемі өзінің рухани мұраларымен ғана емес, биік адамгершіліктің үлгісі ретінде де есте қалды. Рухани ортада өзінен кейінгі буынға ізденіске толы өмірімен де өнегесін дарытты. Ол әдебиет арқылы халқының санасын жарыққа жетелеген аяулы тұлға ретінде де ел жүрегінде мәңгі сақтала бермек.

Қазақтың біртуар перзенті, қадірлі ақсақалымыздың қазасына орай, қара орман халқына, оқырман қауымына және аяулы жары, көрнекті қаламгер-драматург Роза Мұқановаға көңіл айтамыз.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы.

(Басы 9-бетте)

Сонымен қатар, аумақта екі құтқару станциясы, екі полиция бекеті және бес қоғамдық дәретхана салынды. Бұл кешенді шаралар тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз демалуына жағдай жасау мақсатында атқарылып отыр.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров бұл жоба барлық жас топтарының қажеттіліктерін ескере отырып іске асырылып жатқанын және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инклюзивті инфрақұрылым қарастырылғанын атап өтті. Ұзындығы 2,5 шақырымды құрайтын кең тақтайша бойында жай серуендеуге, белсенді демалуға және отбасылық демалысқа арналған аймақтар пайда болады.

Су қоймасы аумағында скейтпарк, велопарк, роллердром, паркур алаңдары, футбол және волейбол алаңдары, ойын элементтерімен жабдықталған балалар қалашығы және иттерді серуендетуге арналған аймақ салынуда. Сондай-ақ, маңайында гүлденген лотостар, көлеңке беретін перголалар мен демалыс орындары пайда болады. Бұл аймақ тәулік бойы бақылауда болады. Яғни демалушылар үшін барлық жағдай жасалмақ – қауіпсіздік, жайлылық және түрлі белсенділіктер.

Айта кету керек, Сайран су қоймасы 1971 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Соңғы рет мұнда 1988-1989 жылдары асфальт жолдар мен жарықтандыру

РУХАНИЯТ

ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР марапатталды

Ұлттық кітап күні аясында, жыл сайын ұйымдастырылатын «Алматының жас жазушысы – 2025» қалалық байқауының жеңімпаздары марапатталды.



Нұржамал ӘЛІШ

Қазақ тіліндегі шығармалар арасынан үздік деп танылған шығарма – Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушысы Шырайлым Айбекқызының туындысы. Ол өз әңгімесін Сапарғали Бегалиннің «Алданған жолбарыс» атты шығармасының негізінде жазған.

Ал орыс тіліндегі жұмыстардың ішінде ең жоғары бағаны №52 жалпы білім беретін мектептің

оқушысы Ренат Беккуловтың «Волшебное путешествие в мир Сапарғали Бегалина» атты шығармасы иеленді.

– Биылғы байқауға 15–17 жас аралығындағы 173 оқушы қатысты. Олар Сапарғали Бегалин шығармаларының желісі бойынша фэнтези жанрындағы туындыларын қазақ және орыс тілдерінде ұсынды. Бұл байқау сөз қадіріне бойлаған, кітапты, руханиятты сүйетін шығармашыл жеткіншектердің жолын ашып, шабыт беретіні сөзсіз. Мереіі үстем болған жастарға сәттілік ті-



лейміз, – деді Алматы кітапханалары директорының кітапхана істері жөніндегі орынбасары Ләззат Спатаева.

Байқау аясында сарапшылар кеңесінің және қазылар алқасының шешімімен 15 жасқа дейінгі

авторлар үшін арнайы «Жас дарын – 2025» номинациясы тағайындалды. Бұл аталым бойынша 16 шығарма іріктеліп алынып, авторлар ынталандыру сыйлықтарымен және арнайы сертификаттармен марапатталды.

ҰЛТТЫҚ МҰРА – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Алматыда колледж студенттері арасында ұлттық спорттан турнир өтті

Ерекше форматтағы мәдени-спорттық іс-шара – «Ұлттық ойындар – халық мұрасы» атты турнирге техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан 500-ден астам студент қатысып, қазақтың дәстүрлі ойындарын жаңғыртты.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайдағы жастардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы тапсырмалары ая-

сында жүзеге асырылды. Турнир қала әкімдігінің қолдауымен, Спорт басқармасы мен Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің ұйымдастыруымен өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жастардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылықты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Турнир бағдарламасы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар қой көтеру, садақ ату, асық ату, бес асық және тоғызқұмалақ сынды ойындарда бақ сынады. Ал финалда жамбы ату, ләңгі тебу, сақина салу сияқты ерекше шеберлікті талап ететін ойындар ойналды. Әсіресе, асық ату мен жамбы ату сайыстары көрермендерді ыстық ықыласқа бөледі. Жарыстар ұлттық

спорт федерациясының ережелеріне сай жеке және командалық есепте өтті. Жеңімпаздар арнайы медальдармен, грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Турнирдің тағы бір ерекшелігі – қатысушылардың спорттық шеберлігімен қатар, ұлттық нақыштағы киім үлгілері мен топтық рухы да бағаланды.

«Ұлттық ойындар – халық мұрасы» турнирі – бүгінгі ұрпақтың ұлттық болмысқа бет бұрғанының жарқын дәлелі. Мұндай іс-шаралар арқылы жастар өз тарихын таниды, тамырын тереңнен алады, болашағын бекемдейді.

ЗАМАНАУИ «САЙРАН»

жанға жайлы демалыс аймағына айналады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жүйелері орнатылған. Содан бері жағалауда ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілмеген.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасына сәйкес, барлық жұмыстар жобалық шешімдер мен құрылыс стандарттарына сай, сапалы әрі қатаң тәртіппен жүзеге асырылуда.

Жобаның іске асырылуы тұрақты бақылауда. Қала тұрғындарына арналған демалыс аймағында жүргізіліп жатқан жұмыстар белгіленген мерзімдерге сай және ең бастысы, қауіпсіздік пен жайлылықты басты назарға ала отырып орындалуда.

Алдағы уақытта жаңартылған Сай-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлішер ӘБДІҚАДЫРОВ, Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

Қаланың барлық тұрғынына арналады

Сайран су қоймасының аумағын абаттандыру жобасы – алматылықтар мен қала қонақтары үшін заманауи тартымды аумақ қалыптастырудағы маңызды қадам. Мақсат – жанға жайлы қоғамдық кеңістік құру. Біз бұл орынды тек аумаққа жақын маңдағы аудандардың адамдары үшін ғана емес, бүкіл қала тұрғындары мен меймандары үшін де тартымды нүктеге айналдыруға тырысамыз.

ран аумағы тек көрікті мекен емес, Алматы тұрғындары үшін демалыстың, серуен мен белсенділіктің басты орталығына айналары сөзсіз.

ТЕАТР

САХНАДАҒЫ ТОҚЫРАУ

Аймақтық театрлардың қазіргі жай-күйі қандай?



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының мәжіліс залында «Бүгінгі аймақтық театрлардың хал-күйі және даму үдерісі» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтті.

Іс-шараны Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысы алаңында айтқан негізгі тезистерін қоғамға түсіндіру мақсатында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырды. Отырыс барысында қазақ ұлттық театрының 100 жылдығы қарсаңындағы ұлттық сахна өнерінің өзекті мәселелері, аймақтық театрлардың қазіргі жай-күйі және өзге де сұрақтар талқыланды. Жиынға М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино

бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты, театртанушы Аманкелді Мұқан, Қазақстан Театр сыншылар бірлестігінің президенті Бақыт Нұрпейіс, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, театртанушы Анар Еркебай, Өнертану факультетінің деканы, театртанушы Меруерт Жақсылық, өнертану кандидаты, театртанушы Зухра Исламбаева қатысты. Жиында Қазақстан театр сыншылар бірлестігінің президенті ұйым тарапынан жүргізілген сауалнама нәтижелерімен бөлісті. Қазақ театрларының репертуарларына қатысты зерттеуге 60-қа жуық театр қатысқан. Оның нәтижесіне сәйкес, соңғы 3 жылда 239 пьеса төл драматургтердің (заманауи драматургия) негізінде қойылған. Одан бөлек, заманауи аударма драматургия – 109, орыс классикалық драматургиясы – 67, шетел классикалық драматургиясы – 84, қазақ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Анар ЕРКЕБАЙ, Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, театртанушы:

БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРЕТІН ЗАҢ КЕРЕК

Президентіміз Семей театрының ғимаратында 3 театр отырғанын айтты. Өкінішке қарай, мұндай театрлар өңірлерде бар. Мысалы, Өскеменде де дәл сондай жағдай. 3 труппа бір сахнада кезектесіп ойнайды. Ақтөбедегі Тауахи Ахтанов атындағы театрды да айта аламыз. Бірақ Мемлекет басшысы Ақтөбе өңіріне барғаннан кейін ол жақта жаңа ғимараттың құрылысы басталды. Ал Таразда екі театр бір ғимаратта жұмыс істеп жатыр. Осы мәселеге мән берілсе, әрине олардың жұмысы жемісін бере бастайды. Посткеңестік елдерде Театр туралы заң қабылданған. Бізде оның жоқтығы кей тұстарда кедергі болып тұр. Әрине, елімізде мәдениет туралы заң бар және оның ішінде театрға қатысты тармағы бар. Бірақ әр театр басшысының, ондағы қызметкерлердің құзыреттілігін көрсететін, жұмысы мен шығармашылығына бағыт-бағдар беретін заң өте қажет. Министрлік тарапынан театр басшылары, режиссерлер, театртанушылар, Театр қайраткерлері одағы, Театр ассоциациясы, Театр сыншылары бірлестігінен адамдар іріктеліп, жұмыс тобы құрылса, айтылған заңды жасап шығаруға болады.

Бақыт НҰРПЕЙІС, Қазақстан Театр сыншылар бірлестігінің президенті:

СЫНШЫЛАР МЕН ТЕАТРТАНУШЫЛАР ПІКІРІ ЕСКЕРІЛМЕЙ ЖҮР

Қазір М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды драматургтеріміздің пьесаларын қоюға облыстық театрлар жүрексіне бастаған. Оның себебін іздесек, ұлттық классиканың басты рөлдерін ойнайтын актер, актрисалардың тапшылығы бар. Еңлік, Кебектер жоқ. Театр фестивальдерін өткізген кезде өзіміз қиналып жүрміз. Әсіресе, әйел бейнесін сомдайтын жас актрисаларды таппаймыз. Қойылымдарға қатысты сыншылар мен театртанушылардың сыны ескерілмей жүр. Қарағанды облыстық театрында көрсетілген Гүлназ Балпейісова қойған «Қарагөз» спектаклі үлкен сынға ұшырады. Театртанушылар тарапынан кері пікір айтылғанына қарамастан, халықаралық фестивальдерге дейін шығып келді. Біз салт-дәстүрімізді осылай келеке қылып көрсетуге қарсы екенімізді айтқанбыз. Ал Оңтүстік Кореяда бүкіл қойылымдар, фильмдер үлкен сараптау комиссиясынан өтеді. Егер ұлттық идеология, салт-дәстүрге кері дүниелер болса, қанша қаржы жұмсалғанына қарамастан тоқтатылады. Сонда біз қарап отырып, бәріне жол бере береміз бе? Егер театр сыншылары театрлардағы көркемдік кеңестің жұмысына шақырылса, жұмыс оңға басатыны сөзсіз.

классикалық драматургиясы – 44. Басқосуда сондай-ақ, Президенттің Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аймақтық

театрлар туралы айтқан сыны өзекті екені айтылды, театр туралы заң қабылдау ұсынылды.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛҢДІ ҚҰРМЕТТЕ»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тіл ғылымы зерттеулерін үйлестіру орталығы мен «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл және әлем тілдерін меңгерту жолдары» атты республикалық «дөңгелек үстел» отырысы өтті.

Ғылыми жиынның негізгі мақсаты – қазіргі заманауи ғылым және технологиялар дәуірінде білім мен ақпаратқа еркін қол жеткізудің тиімді құралы ретінде көптілділікке ден қою, соның ішінде мемлекеттік тілдің басымдылығын сақтай отырып, әлем тілдерін меңгерудің өзекті тетіктерін қарастыру. Іс-шара аясында жастардың тілдік мәдениетін дамыту, олардың зияткерлік әлеуетін арттыру және көптілді ортада бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жағдай жасау мәселелері талқыланды. Бұл бағытта «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген қағидаты негізгі ұстаным ретінде басшылыққа алынады. Жиынға Абай атындағы ҚазҰПУ басқарма төрағасы–ректор Болат Тілеп, Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Кәрімбек

Құрманәлиев және онлайн форматта ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, өзге де жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты.

Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов ведомство басшысы Саясат Нұрбектің атынан құттықтау сөз оқыды. «Мемлекеттік тіл мен әлем тілдерін меңгеру бүгінгі күні өзекті екені белгілі. Республикалық ғылыми жиында біздің еліміздің әлемдік өркениеттен қалыс қалмай, дүниежүзілік білім-ғылым кеңістігіне еркін енуі үшін өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуында көптілді меңгерудің тиімді жолдары талқыланатынына сенім мол. Еліміздің университеттері әлемдік рейтингтегі көшбасшысы ЖОО-лардың көшіне ілесуі үшін шет тілін білу маңызды талап», – делінген министр құттықтауында.

Іс-шара барысында бірқатар іргелі ғылыми еңбектердің тұсаукесері өтті. Атап айтқанда, «Қазақша–орысша–ағылшынша–түрікше тілдесім» жинағы, «Қазақша–түрікше, түрікше–қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі», «Қазақша–орысша–ағылшынша жаңа қолданыстар сөздігі» және «Түрік тілінің грамматикасы», «Қазіргі қазақ тілінің неологиясы мен неографиясы» атты оқу құралдары мен «Қазіргі қазақ қоғамының тілдік контенті» атты ғылыми монографиясы көпшілік назарына ұсынылды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат ТІЛЕП, Абай атындағы ҚазҰПУ басқарма төрағасы–ректор:

ЖАҢА САПАҒА БАСТАР ЖОЛ

Мемлекеттік тілді ұлықтау және әлем тілдерін меңгеру бір-бірін жоққа шығармайтын, керісінше бір-бірін толықтырып, ұлттық бәсекеге қабілетті болуға жол ашатын стратегиялық бағыт. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында айтып өтті. Біздің университетте мемлекеттік тілде де, әлемдік маңызы бар шет тілдерді меңгеруге мүмкіндік жасап келеді. Жалпы, мұндай ұстаным – университетіміздің дәстүрі мен заманауи бет алысын үйлестіретін, жаңа сапаға бастайтын жол.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СПОРТ ПЕН ӨНЕР МЕРЕКЕСІ

Алматыда дәстүрлі АРМаТУРа фестивалі өтті

«Мерей» сауда орталығының алаңында биыл 10 жылдық мерейтойын атап өткен АРМаТУРа фестивалі этноауыл үлгісінде өтті.

Бұл жолы іс-шара спортты серік еткендермен қатар, әр жастағы қала тұрғындарын тоғыстырған кең ауқымды қоғамдық мерекеге айналды. Ұлттық ойындар, қол-өнер шеберлерінің көрмесі, танымдық кездесулер мен спорттық сайыстар іс-шараға айрықша атмосфера мен мерекелік рух сыйлады. АРМаТУРа фестивалінің негізін қалаушы, армрестлинг шебері Евгений Шамрайдың айтуынша, бұл бастама 2008 жылы басталған. Алғашқы чемпионат 2014 жылы ұйымдастырылып, содан бері жыл сайын жастарды спортқа баулуды мақсат еткен дәстүрлі іс-шараға айналды. АРМаТУРа фестивалі – бұл жай ғана жарыс емес, ол – адамдарды жақындастыратын, қоғамды біріктіретін үлкен мереке.

Фестиваль бағдарламасы бұрын-соңды болмаған мазмұнмен ерекшеленді: 13 спорттық локацияда турникке тартылу,

кір тасын көтеру, қол күресі, жаттығулар жасау секілді түрлі жарыстар ұйымдастырылды. Әр тапсырманы орындаған қатысушы арнайы символикалық тиындар жинап, оларды су, бауырсақ, т.б. тағамдарға алмастырып маз-мейрам болды. Фестивальдің тұрақты қатысушысы, Алматы қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі Богдан Джекпа бұл іс-шараны тең мүмкіндіктер қоғамын құрудың жарқын үлгісі деп бағалады: «Мұнда ешкім шет қалмайды. Спорт арқылы адамдар бірігеді, жаңа достар табады. Мұндай фестивальдер қаланың әр ауданында өтуі керек», – дейді ол.

Ерекше назар аудартқан «Петроглифтер киіз үйі» көпшілікті қазақ тарихымен таныстырып, жас ғалымдар мен қол-өнершілерді тоғыстырды. Мұнда ұлттық стильдегі бұйымдар, шеберлер көрмесі, алтыбақан, балаларға арналған ойын алаңдары, этнофотоаймақ пен концерттік бағдарлама ұсынылды. Фестивальге келген әр адам өзіне лайық іс тауып, қызықты уақыт өткізді. Спортшыларды тіркеп, әрбір спорттық кезеңді әділ бағалауға тырысқан ұйымдастырушылар тобы жеңімпаздар мен белсенді қатысушыларға тәттілер мен сыйлықтар үлестірді. Киіз үйлер, ән мен

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений ШАМРАЙ,
АРМаТУРа фестивалінің негізін қалаушы:

Мақсат – қазақтың ұлттық ойындарын спорттық мерекенің ажырамас бөлігіне айналдыру

Фестиваліміздің жыл сайын көпшілікті жинайтыны қуантады. Бұл жолы бағдарламамызды этникалық элементтермен толықтыру – сәтті шешім болды деп ойлаймын. Алдағы уақытта қазақтың ұлттық ойындарын да спорттық мерекенің ажырамас бөлігіне айналдыруды көздеп отырмыз. Өйткені, біздің мәдени мұрамыз бай, таңдайтын дүниелер жеткілікті. Бұл тек жарыс емес, жастар үшін шабыт, өз күшін сынауға мүмкіндік. Біз инклюзивті орта қалыптастырып жатырмыз.

Берік ҚҰРАЛБАЙ,
Іс-шараға қатысушы тұрғын:

Салауатты өмір салтына баулудың тамаша тәсілі

Бұл – қала тұрғындарын, әсіресе, жастарды салауатты өмір салтына баулудың тамаша тәсілі. Біздің мақсат – тек спортты насихаттау ғана емес, сонымен бірге көтеріңкі көңіл күй мен адамдар арасындағы жылы қарым-қатынасты қалыптастыру.

биден шашу шашқан өнерпаздар, бауырсақ пен ыстық шай, балалардың шат күлкісі – барлығы қазақтың қонақжай мәдениеті мен спорттық рухты тамаша ұштастырды. Ұйымдастырушылар мереке

соңында қатысушыларға Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады. Мереке кеш қарайғанша жалғасты. Мерейтойлық іс-шара бір күнмен шектелмей, жүректерде ұзақ сақталатын әсер қалдырды.

«ШАТТЫҚ ШЕРУІ»

балаларды мейірім мен қамқорлыққа бөледі

Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған «Шаттық шеруі» атты үлкен мереке өтті.

Аталған іс-шараны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің қаржы және есеп кафедрасының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ Алматы велотрек ұйымы бірлесіп ұйымдастырды.

Мерекеге Алматы қаласындағы №1 балалар үйі мен Алматы облыстық қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері шақырылды. Барлығы 50-ден астам бала қатысты. Балаларға арнап концерттік бағдарлама, веложарыс, флешмобтар, ойындар мен пикник ұйымдастырылды. Күн шуағында өткен фестиваль шын мәнінде балалар үшін ерекше сыйлық болды.

Көңілді кеште балалардың өздері де өнерлерін ортаға салды. Мәселен, балалар үйінің 8-сынып оқушысы Гүлжайна Есенбаева «Сарбаздар» әнін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, кішкентай әншілер

Инабат Кенгакова мен Айару Бейсенбекова да сахнада өнер көрсетті.

Танымал блогерлер Асхат Ералиев пен Жан Избасар мерекені көңілді жүргізіп, балаларға әзіл-қалжыңымен шаттық сыйлады.

«Шаттық шеруі» мерекесі – мейірімділік пен қамқорлықтың, нағыз адамгершіліктің көрінісі болды. Кеш соңында ұйымдастырушылар балаларға арнап ыстық тамақ пен түрлі байқаулар ұйымдастырып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табыстады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райгүл ДОСЖАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономикалық зерттеулер орталығының директоры:

ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ БОЛУ СЕЗІМІН ҰЯЛАТАДЫ

Бұл іс-шараны біз осымен екінші рет өткізіп отырмыз. Университет оқытушылары мен студенттері атсалысып, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлауды мақсат еттік. Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар жастарға әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамға пайдалы болу сезімін ұялатады. Велотрек ұйымының қолдауымен веложарыс ұйымдастырылып, жүлдегер балаларға сыйлықтар берілді. Концертке оқытушылар, студенттер, өнерлі отбасылар, блогерлер мен жас әншілер қатысты. Атмосфера өте керемет, бүгінгі күн – ән, би, күлкі мен шаттыққа толы күн болды.

Ләззат ЖЕКЕМБАЕВА, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиешісі:

– Бұл балалар – ата-ананың мейірімінен тыс қалған жандар. Мұндай іс-шаралар олардың жан-дүниесіне жылу сыйлайды. Балалар ерекше қуанып жүр. Ән айтып, ойнап, жаңа достар тауып жатыр. Ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз.

Инабат пен АЙАРУ, тәрбиеленушілер:

– Бізді апайларымыз керемет көңілді кешке алып келді. Саябақтың іші күшті, жап-жасыл болып кетіпті. Біз мұнда ойындар ойнадық, би биледік, ән айттық. Суретке түстік. Сыйлықтар алдық...

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

РУХАНИ ТАМЫРМЕН
ҚАЙТА ҚАУЫШУ

Өнер мен ілім тоғысқан тағы бір тағылымды іс-шараның куәсі болдық. Қазақ ұлттық өнер академиясының жүрегі – Кино залында еліміздің көрнекті өнер зерттеушісі, психология ғылымының кандидаты, ұстаз, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Сағатбек Медеубекұлының «Әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары» атты дәріс-концерті өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл жай ғана дәріс немесе концерт емес, бұл кеш – ғасырлар қойнауынан жеткен үн мен бүгінгі ұрпақтың рухани байланысын жалғаған көпірге айналды. Сағатбек Медеубекұлы өзінің терең білімін, ұлт мұрасына деген шексіз сүйіспеншілігін ұштастыра отырып, көрерменге әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» еңбегіндегі аспаптар жайлы мәліметтерді қазақтың төл аспаптарымен салыстыра отырып, терең саралады. Дәріс барысын-

да Сағатбек Медеубекұлы уд, танбур, ребаб, шахруд, мизмар, тебильбаз, маазиф, сурнай сияқты көне шығыс аспаптарының сипаттамасы мен дыбысталуын қазақтың шертері, домбырасы, қобызы, жетігені, сыбызғысы мен сырнайы секілді аспаптармен үндестіре баяндады. Бұл аспаптардың атаулары мен шығу тарихына қатысты қызықты деректер, атаулар астарындағы философиялық мән көпшілікке тың ой салды.

Дәріс-концерттің ең әсерлі сәті – аспап шеберлерінің өнер көрсетуі болды. Шертер, домбыра, қыл қобыз, нар қобыз, жетіген, сыбызғы үндері зал ішін тербеп, көрерменді терең сезімге бөледі. Бұл – тек музыкалық әсер ғана емес, рухани діріл, тарихи жадымен қауышу сәті еді. Кешке музыка зерттеушілері, өнертанушы ғалымдар, ұстаздар, студенттер қатысты. Олар үшін бұл іс-шара теория мен практиканың, тарих пен бүгінгі тоғысқан алаңы болды. Қазақ музыка өнерінің терең тамырына, оның түп-төркініндегі шығыстық ықпалға қызығатын кез келген жан үшін бұл кеш – шын мәнінде таптырмас танымдық-сараптамалық мектеп.

ПСИХОЛОГИЯ



(Cyber: depositphotos.com)

СЕНИМДІЛІК ТРЕНИНГІ

өмірлік маңызды дағдыларды меңгеруге көмектеседі

Қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде адамға қойылатын талаптар арта түсуде. Тұлғаның ішкі әлеуетін іске асыруы, қарым-қатынастағы табысы, кәсіби және жеке өмірдегі жетістігі көп жағдайда оның сенімділік деңгейіне байланысты. Сенімділік – адамның өз күшіне, біліміне, дағдысына сенуінен туындайтын ішкі тұрақтылық күйі. Бұл қасиетті дамытуда тренингтердің алар орны ерекше.

Психологияда сенімділік (assertiveness) – адамның өз құқығын, сезімін, ойын ашық әрі әділ түрде білдіре білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Сенімді адам өз пікірін білдіруден қорықпайды, қажет болған жағдайда «жоқ» деп айта алады және өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайды.

Психологиялық тренинг – бұл тәжірибеге негізделген арнайы ұйымдастырылған оқыту формасы. Оның басты мақсаты – қатысушылардың өзін-өзі тануына, қарым-қатынас жасау қабілетіне, сенімділігін арттыруға мүмкіндік беру. Сенімділікке бағытталған тренингтер адамға ішкі және сыртқы тосқауылдарды жеңуге, өз көзқарасын білдіруде еркін болуға көмектеседі. Тренингтің құрылымы мен әдістеріне тоқталар болсақ, сенімділікке бағыттал-

ған негізгі элементтер мыналар: Ақпараттық блок: яғни сенімділік туралы теориялық түсінік беру; Психологиялық жаттығулар: коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, ішкі кедергілерді жеңу; Рөлдік ойындар: нақты әлеуметтік жағдайларды модельдеу; Кері байланыс: қатысушылардың өзін-өзі бағалауы мен дамуына бағытталған пікір алмасу. Жалпы, сенімділік тренингтері арқылы адам өмірлік маңызды дағдыларды меңгереді: өз пікірін сенімді жеткізу, топта әрекет ету, әлеуметтік қысымға қарсы тұру. Бұл дағдылар кәсіби ортада ғана емес, күнделікті өмірде де қажет.

• Сенімділікке бағытталған тренингтерді білім беру, кәсіби даярлық және тұлғалық даму жүйелеріне енгізу – уақыт талабы. Өйткені, сенімділік – адамның дамуы мен табысты өмір сүруінің маңызды шарты. Бұл қасиетті жаттықтыру мен дамытудың тиімді жолдарының бірі – психологиялық тренингтер. Олар адамның ішкі ресурсын ашуға, әлеуетін іске асыруға және өмірлік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Мерейгүл ДАУЕНОВА,
Әйгерім БАКИБАЕВА
педагог-психолог.

«АДАЛ АЗАМАТ»

«ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР»

Дәстүр мен жаңашылдықты қатар дамытуға бағытталған мазмұнды іс-шара өтті

Медеу ауданының «Алатау» ықшамауданындағы №5 бөбекжай-балабақшада «Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада» атты қала-лық семинар ұйымдастырылды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде өтті. Басқосу барысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлеріне тың әдістеме ретінде ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне сіңірудің соны үлгілері ұсынылды.

Семинар мақсаты – мектепке дейінгі білім беру жүйесіне ұлттық тәрбие элементтерін тиімді енгізе отырып, жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді, отансүйгіштік сезім мен ұлттық болмысқа деген құрметті қалыптастырып, тәрбиешілердің ұлттық құндылықтар негізінде жұмыс жүргізу шеберлігін арттыру.

Жалпы, семинардың негізгі қазығы – шығармашылық идеялармен тәжірибе алмасу және педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру басым бағыттардың біріне айналып, әңгімеге арқау болды. Семинарға балабақша меңгерушісі, педагогтар, тәрбиеленушілер және БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шараны балабақша меңгерушісі Айман Мәуелешова кіріспе сөзбен ашып, ұлттық тәрбиенің маңыздылығы жайында ой қозғады. Қонақтар балабақшаны аралап, «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» және «Аталар мектебі» аясында атқарылған жұмыстармен танысты.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосқан аға буынның үлесі де көпшілік көңілінен шықты. Семинар барысында ұлттық киімдегі бүлдіршіндер «Наурызнама» биін билеп, патриоттық әндер шырқады. Әсіресе, мектепалды топтың тәрбиеленушісі Тұрғанжан Жасминнің орындауындағы ән ерекше әсер сыйлады.

Іс-шараның маңызды сәті – әдіскер Г.Әбілмәжінова жүргізген коучинг-сессия болды. Онда ұлттық тәрбиені бес негізгі дағдыға кіріктіру жолдары талқыланып, тиімді тәсілдер ұсынылды. Ал тәрбиеші Ж.Хазі өткізген «Физикалық даму аялдамасында» балалар ұлттық ойындар

арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытып, денсаулықты сақтауға бағытталған жаттығуларды орындады. Тәрбиеленушілер «Көкпар», «Теңге ілу», «Марқа қозы көтеру» сияқты ұлттық ойындарға қатысып, командалық ойын түрін көрсетті. Келесі кезекте жантаушы Р.Дәулетбаева ұйымдастырған «Тілек ағашы» тренингі балалар мен педагогтардың ішкі ой-толғауыстары мен ниеттерін білдіруге мүмкіндік берді. Ал логопед А.Әмірбаева «Қазақ халқы балалардың тіл кемістігін қалай жеңген?» атты шеберлік сыныбында ұлттық ойындар мен жаттығулар арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдарын көрсетті. «Қамшы тастамақ» ойыны ерекше қызығушылық тудырды. Ұлттық мәдениеттің өзегі – музыка екенін ескерсек, А.Байженов өткізген «Ұлттық музыкалық аспаптар аялдамасы» бөлімінде балалар «Әуенді тап» ойыны арқылы қазақтың саз өнерімен етене танысып, айтыс өнерінің үлгісін көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айман МӘУЕЛШОВА,
№5 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:
БАҒДАРЛАМА БАҒДАРШАМЫ

Ұлттық құрылтайда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына назар аудару қажеттігі баса айтылғаны белгілі. Қазіргі таңда біз осынау бағдарламаға сәйкес жұмыс жоспарын бекітіп, қызу іске кірістік. Өткізілген басқосу осынау жұмыстарды бір жүйеге енгізу үшін бағдарламалық іс-шараларды кезекпен орындауға бағытталған педагогтар халық әндерінен құралған попурири орындап, ұлттық өнерге деген шексіз сезімдерін білдірсе, бұл да бір сергіту сәті болды дер едім. Пікірталас алаңында семинарға қатысушылар өз ойларымен, ұсыныс-пікірлерімен бөлісіп, бұл бастаманың маңыздылығын ерекше атап өтті. Жалпы, семинар – ұлттық тәрбие жүйесінің қайнар көзі саналатын балабақшада дәстүр мен жаңашылдықты қатар дамытуға бағытталған мазмұнды іс-шара болды. Ұлттық болмысымызды сақтап, болашақ ұрпаққа сіңіру – ең алдымен осындай талбесіктен басталатын тәрбиемен тығыз байланысты болса керек.



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ОЙ ЖЕТЕГІНДЕГІ ОҒЛАН

Ол туралы ойласам, осы бір жолдар сана қиясынан қалықтап өтеді. Есім-сойын оқушы кезімнен білдім. Ол заманда қазіргідей әлемді сапырылыстырған әлеужелі жоқ. Тілдесе қоятын телефон да қат. Бәріміз бір-бірімізді бірнеше жүз мың таралыммен шығатын республикалық балалар басылымы «Қазақстан пионері» арқылы біліп отырамыз.

Бір қызығы, сол тұста «Қазақстан пионерінің» бірқатар белсенді авторлары өздері тұратын елдімекендерде газет бетін құруды дәстүрге айналдырды. Осы жолдардың авторы Аягөз ауданында «Тарбағатай» бекетін құрса, Алматы қаласындағы №2 мектеп-интернатта «Жауқазын» бекеті дүниеге келді. Жаңақорғанның жампозы Әнуарбек Әуелбеков Сыр елінде «Альбатрос» бекетін ұйымдастырса, жедел ақпарат беруде алдына жан салмаған Раушан Мырзахметова Ұшарал орта мектебінде «Ұшқын» жас тілшілер бекетін құрды. «Ұшқыннан жалын лаулайды» деген сөзді ұран етіп, Гүлсім Асқарова, Үміт Битенова, Данияр Жаппаров сынды оқушылармен тізе қосып, небір ізгі істердің басы-қасында болды.

Ой жетегіндегі оғлан деген сөз өрімін бекер айтпадым. Амантайды қашан көрсен де терең ой жетегінде жүреді.

Сол кезде аса қатты белсенділік танытпаса да ойлы материалдарымен жас тілшілерге таңдай қақтырып, Қызылорда өңірінен Амантай Шәріпов есімді жас тілшінің мақалалары «Қазақстан пионерінде» жарияланып жатты. Аз жазады, бірақ саз жазады. Біз көбінесе ақпараттық сипатқа көбірек мән берсек, Амантайдың жазбаларынан танымдық тәлім, пәлсапалық оралымдар түйдектеле төгіліп жататын. Кейде көркем тілмен суарылған сәтті суреттемелері жарқ ете қалады. Іштей ойлайтынбыз: «Мына бала кітапты көп оқиды-ау, шамасы» деп. Өйткені, қалам сілтесі көбімізге ұқсамайды. Жоғары сынып баласы ма десек, газетке шыққан мақаласының соңындағы қол қойылысында өзіміз қатарлы 7-8-класстың оқушысы екені «айқайлап» тұр. «Болатын бала» деп қоя салатынбыз.

Кейіннен мектеп бітіріп, ҚазГУ-дің Журналистика факультетінің абитуриенті болып жатқан тұста «Қазақстан пионері» газетінің редакциясы жас тілшілердің басын қосып, тамаша бір жиын өткізді. Штаттан тыс тілшілерге құрмет көрсетіліп, тамаша сый-сияпаттар тапсырылуымен қатар, бұл басқосуға қатыса алмаған Амантай Шәріп, Майра Төлтаева, Гүлсім Асқарова және басқа «жақсы жазатын» жас тілшілердің аттары аталды.

Тілшілік тіршілікке талмай баулыған бүгінгі «Ұлан», кешегі «Қазақстан пионері» сынды сүйікті басылымымыздың игі іс-шарасынан ризашылықпен аттанған біз басқа есімін білетін, бірақ түрін көрмеген «әріптестеріміз» туралы ойланып, тіршіліктің тұңғығына тарта бердік.

Тағдыр жазса, адам адаммен жүзdesеді екен. Жүрек түкпірінде жатталған жанды жүздестіру аяқастынан болатынын кім білген. 1982 жылдың қараша айының 12-ші жұлдызы. Әдеттегідей кітапханадан бірер кітапты алып келмек болып №5 жатақхананың бірінші қабатына түсе бергенде, қасының қалыңдығына көз сүйсінер көзілдірікті жігіт отыр екен. Оның жас мөлшеріне үйлесе қоймайтын ойлы жанары мен дегдарлық кейпінен «жәй, қыздарға қонаққа келе салған» қатардағы студент емес екенін

бірден аңғардым. Амандықтан соң әңгіме кетті.

- Қайдан келдіңіз?
- Шымкенттен.
- Кімді іздедіңіз?
- Әміржан Қосанов деген жерлесімді. Қызылордалық Әміржанды білеміз. «Жерлесіміз дегені несі, Шымқаладан келіп» деген ой сап ете қалды.
- Аты-жөніңіз кім?
- Амантай Шәріпов.

«Пәлі, әңгімені осыдан бастау керек еді» деп, өзімді таныстырып едім, қай жақтан екенімді сарт еткізіп айтып, мені білетіндігін жайып салды. Ең бастысы, екеуіміз де «Қазақстан пионерінің» жас тілшілеріміз. Абитуриент кезімізде балалар газетінің басқосуында жолықтыра алмаған Сыр саңлағын 5-ші қабаттағы бөлмеде ертіп әкеліп, әңгіме тиегін ағыттық-ау.

Газетке жазып тұратын оқушыларда бір ұғым қалыптасқан. Олар мектепті бітірген соң сол замандағы Журналистика факультеті бар жалғыз оқу ордасы ҚазГУ-ге барады деген. Көпшілігі солай болды да. Мәселен, атақ-даңқы жер жарған қара шаңырақ Қазақ мемлекеттік университетінің табалдырығын аттағанда бізден бірер жас үлкендігі бар, «Қазақстан пионерінің» штаттан тыс тілшісі Әнуарбек Әуелбеков құшақ жая қарсы алды. Бұрын бір-бірімізді көрмесек те, балалар басылымы арқылы танысқан біз туыстай болып кеттік.

Сөйтіп, «қапияда жоғалтып алған» досымыздан сұрамаймыз ба: «Қайда жүрсің, Шымкенттің не?», «Суреттеменің түбін түсіретін, көркем әңгіме деңгейінде жазатын жас тілші Шымкентте не жоғалтты?», «Пәшти дайын журналистсің ғой, ол жақта не істеп жүрсің?».

Сол тұста республикалық «Лениншіл жасқа» материалдары тоқтаусыз шығып жататын бөлмелес әрі курстас досым Бауыржан Омаров екеуіміз екі жақтап сұрақтарды төпеп жатырмыз. Ол сәл үнсіз отырып, сабырлы жымиыстан соң жағдайдың қалай болғанын түсіндіре бастады. Сөйтсек, мамандық таңдау барысында өзі ҚазГУ-ге барғысы келгенімен, ата-анасы «нақты, салмақты саланың маман иесі» болуына кеңес беріп, бұл болса олардың көңілін жықпай Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтының Құрылыс-технология факультетінің студенті атаныпты. Сабақтарының бәрі «бес». Алайда, табиғатынан шығармашылық, гуманитарлық саланы қалаған оның көңіл ауаны Алматыға ауады да тұрады. Осы келісінде де «біздің жақты» барлай келіпті.

Негізі, мектепте кітапты көп кеміріп, әлем классиктерінен бастап «Абай жолына» дейінгі шоқтығы биік шығармаларды астын сызып оқыған досымыз алдымен оқу бағдарламалары әдебиеттануды саралайтын Филология факультетін нысанаға алыпты. Алайда, рухани әлемі бай, кітапқұмар әкесі Жарылқасын ағамыз ақыры көніп: «Онда филфакқа емес, журналистика факультетіне бар» деп кеңес беріпті. Сөйтіп, мектепті алтын медальға бітіріп, Шымкенттегі институттың сабақтарының бәрін «беске» тапсырған Амантайымыз журфагі бар оқу ордасының емтихандарын да ойнап жүріп жоғары бағаларға тапсырып шыққан ғой. Соның нәтижесінде жоғары балмен еңселі оқу ордасына қабылданған. Өзі қаламаған оқу орнынан «құтылып», жүрек лүпілімен таңдаған мамандығы қол созым жерде тұрғанда ол қамшыны аямай



Оның ғылымдағы биігі ауыз толтырып айтарлық. Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі болу мыңдаған шәкірттерінің арманы болса керек. Ал Әбекең сол биіктерге есіл еңбегімен, маңдай терімен жетті.

сілтеді-ау. Әрбір пән бойынша мектепте оқыған кітаптардың бірде-бір парағын қалдырмай шұқшия дайындалды. Шығармашылық емтихандардан секіріп өтті. Журналистердің небір сайыпқырандарын балапан кезінен қапысыз танитын декан Темірбек Қожакеев ұстазымыз бастаған қатал комиссия мүшелері баланың бір пәпке қылып жинап әкелген балапан туындыларын қарап отырып, бірден ең жоғары бағаны «Емтихан парақшасына» қуана қонжытты...

Жоғарыда ой жетегіндегі оғлан деген сөз өрімін бекер айтпадым. Амантайды қашан көрсен де терең ой жетегінде жүреді. Мамандығы бойынша журналистикада аянбай тер төкті. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында басшылық қызметтер атқарып, «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан» газеттерінің Бас редакторы, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облысы филиалының директоры болып, медиаменеджерлік қырын дәлелдеді.

Ғылыми-педагогикалық саладағы еңбектері жеке бір әңгімеге жүк болады. Өзі оқыған ҚазМУ-де оқытушылық қызметтен бастап бірнеше жоғары оқу орнында проректор және басқа лауазымды қызметтерді де абыроймен атқарды.

Ой жетегіндегі оғланның ғылымдағы биігі ауыз толтырып айтарлық. Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі болу мыңдаған шәкірттерінің арманы болса керек. Ал Әбекең сол биіктерге есіл еңбегімен, маңдай терімен жетті. Қаншама ғылыми жобаларға басшылық етіп, шетелдердегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда тұшымды баяндамалар жасап, ағылшын тіліндегі күрделі оқу құралдары мен оқулықтарды қазақ тіліне тікелей қотаруы айтуға ғана оңай-ау.

Амантай-дос бүгінде нағыз дер шағында. Түркі тектес тілдердің бәрінің дерлік түбін түсіретін ол бүгінгі таңда ірі ғылыми жобалармен айналысып жатыр. Аударма тарапында атқарған еңбектерінің өзі бір төбе. Түйіп айтқанда, асқаралы алпысты игерген Амантай Жарылқасынұлының асар асу-шыңдары әлі алда.

**Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры,
ҚР Бас редакторлар клубының
бірінші вице-президенті.**



ОТАНШЫЛДЫҚ

Дана халқымыз «Досы көпті жау алмайды» деп бекер айтпаса керек. Шынайы достық – өмірдің түрлі сынағына төтеп беретін рухани тірек. Әсіресе, бір мақсатқа ұмтылып, бір бағытта табысып, қатар жүріп келе жатқан жастардың өмір жолы – кейінгі ұрпаққа өнеге. Осындай тағылымды достықтың жарқын үлгісі – бала кезден арманы ортақ болып, бүгінде әскери салада қатар білім алып жүрген Алиасқар Қалмағанбет пен Жалғас Мұхаметқазин. Екеуі де Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының курсанттары. Болашақ офицерлер үшін әскери өмір – жай таңдау емес, ел алдындағы міндет, азаматтық жауапкершілік.

Ернұр
РЫСБАЙАрманның бастауы –
бала күнгі әсер

Алиасқардың айтуынша, ол әскери форма киген адамды көрсе, ерекше әсер алатын. «Теледидардан парад көріп отырып, өзімді сол қатарда елестететінмін. Әскерилердің батыл келбеті мен тәртіпке бағынған болмысы мені баурап алатын», – дейді ол. Жалғас та бала күнінен әскери салаға ынталы болған. «Әкем үнемі «Ер жігіттің азаматтығы – елін қорғауда» деп айтып отыратын. Осы сөздер менің бойыма патриоттық сезімді ерте жастан сіңірді», – деп еске алады ол.

Ұқсас мақсат,
ортақ жол

Алиасқар мен Жалғастың достығы балабақша кезінен басталып, мектепке де бірге барған. 9-сыныпты аяқтаған соң, екеуі де Бауыржан Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебіне оқуға түсіп, әскери тәртіпке бейімделе бастайды. Бұл кезең олардың өміріндегі шешуші сәттердің бірі болды.

«Таңғы сағат 6-да тұрып, түнгі 10-да ұйықтау, күн тәртібіне толық бейімделу –

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ –
азаматтық парыз

әскери өмірге алғашқы қадамымыз сол кезде басталды», – дейді Жалғас.

Алиасқар болса, сол қиындықтардың шынайы өмірге дайындайтынын, бір-біріне деген қолдаудың оларды одан әрі жақындатқанын айтады. Қазір екеуі де бір ротада бірге оқиды, ортақ мақсат – білікті офицер болып, елге адал қызмет ету.

Институттағы тәртіп –
нағыз өмір мектебі

Қос курсанттың айтуынша, әскери институттағы өмір – тек білім алу емес, бұл – нағыз өмір мектебі. Мұндағы тәртіп пен тәрбие – темірдей қатаң.

«Таңертеңгі саптан бастап, күндізгі оқу мен кешкі дайын-дық – бәрі жоспармен жүреді. Басты талап – тәртіп. Бұған дейін әскери мектепте оқығандықтан, бұл жүйеге ену біз үшін қиын болған жоқ», – дейді Алиасқар.

Жалғас бұл жерде офицер болуға лайық рухани және физикалық дайындық қатар жүретінін айтады. «Біз тек жаттығып, марш жасаумен айналыспаймыз. Елді сүйетін, ақылмен шешім қабылдай алатын офицер болып қалыптасуымыз керек. Күнделікті дайындық – рухани шыңдалу мен жігерді шынықтыру», – дейді ол.

Көзқарас пен
шынайылық

Бүгінгі жастардың әскери өмірге көзқарасы туралы сөз қозғағанда, Жалғас кейбір жастардың бұл өмірден қорқатынын, тәртіпке көнгісі келмейтінін жасырмайды.

«Шын мәнінде, әскери өмірден қорқатын ештеңе жоқ. Керісінше, бұл – ер



жігіттің нағыз шыңдалатын орны. Әскерде өмірге деген көзқарас өзгереді», – дейді ол.

Алиасқар да жастардың әскери қызметті қате түсінетініне қынжылады. «Көпшілік әскерді шектеу деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде, бұл – ұлтқа қызмет ету жолы. Біз жастарды осы салаға көбірек тартуымыз керек. Мектептерде әскери өмірдің шынайы бейнесін насихаттау маңызды», – дейді ол.

Патриоттық рух

Алиасқар үшін патриотизм – жай ұран емес, нақты әрекетпен көрінетін ұғым. «Елге адал қызмет ету, тәртіпке бағыну, халыққа пайдалы болу – міне, нағыз патриотизм», – дейді ол.

Жалғас та осы ойды қолдайды. Оның айтуынша, қай салада жүрсең де, елің үшін еңбек етсең – сен патриотсың. «Біз таңдаған жол – Отанды қорғау. Бұл – абырой. Әкем айтушы еді: «Ер жігіттің өмірі – халқының амандығына арналса, сол – бақыт» деп. Осы сөз менің өмірлік ұстанымыма айналды», – дейді ол.

Жалғас пен Алиасқардың алдағы мақсаты – институтты үздік аяқтап, абыройлы офицер атану. Қайда барса да, елге қызмет етуге дайын.

«Әскери ант – жай сөз емес, бұл – өмірлік жауапкершілік. Сол сенімді ақтау – менің басты парызым», – дейді Алиасқар.

ТҮЙІН:

Қалмағанбет Алиасқар мен Мұхаметқазин Жалғас – ел болашағына сеніммен қарайтын жас офицерлер. Олардың достығы – ортақ мақсатқа адалдықтың, азаматтық жауапкершіліктің және ұлтқа деген сүйіспеншіліктің үлгісі. Әскери өмір олар үшін жай мамандық емес, бұл – Отан алдындағы борыш. Осындай жастарды көріп, жүрекке үміт ұялайды. «Ертеңіміз – жарқын» деуге толық негіз бар.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАУ
СЕМИНАРЫ

Алматы қаласында «Оңтүстік» Аөңірлік қолбасшылығының психологиялық қызметі мамандарына арналған үшкүндік практикалық дайындық өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Іс-шараның мақсаты – әскери бөлімдерде психологиялық жұмыс жүргізудің ортақ тәсілдерін әзірлеу, жеке құрамның моральдық-психологиялық тұрақтылығын арттыру, сондай-ақ әскери психологтардың кәсіби дағдыларын дамыту.

Нормативтік құжаттар бойынша практикалық сабақтарды подполковник Альмира Құрманәлиева мен капитан Баламир Пірланов жүргізді, ал социометрия әдістемесі бойынша сабаққа аға лейтенант Гауһар Ибраимқұлова жетекшілік етті. Екінші күні ашық аспан астында, Тұңғыш Президент саябағында ұйымдастырылып, кәсіби тұрақтылықты қалыптастыру және теріс эмоцияларды өңдеу дағдыларын жетілдіру бойынша тренингтер өтті.

Соңғы күні кәсіби күйреудің алдын алу, консультация беру, лудомания мәселелері, психологиялық іріктеу және әскери қызметкерлердің отбасы мүшелеріне қолдау көрсету тақырыптарында сабақтар өткізілді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман СЕЙІТОВ,
Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс басқармасының бастығы, подполковник:

– Жиынға қатысушылар жеке құраммен жұмыс істеу әдістемелерін жетілдіріп, тренингтерге қатысып, тәжірибе алмасты және армиядағы психологиялық қолдау мәселелерін талқылады. Мұндай іс-шараларды өткізу әскери қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету жүйесін жетілдіруге және Ұлттық ұланның психологиялық қызметі мамандары арасында біртұтас кәсіби тәсілді қалыптастыруға ықпал етеді.

БРИФИНГ

«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ»

Алматыда 12 мыңнан астам мопедші тіркелді

«Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында жолдағы қауіпсіздікті сақтау үшін белсенді жұмыстар қолға алынып жатыр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әсіресе, мопед пен мотокөлік иелері ерекше назарға алынған. 2025 жылдың 5 сәуірінен бастап оларға қойылатын жаңа ереже күшіне енді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз-конференциясында Алматыдағы полиция департаментінің өкілі Салтанат Әзірбек осылай деп хабарлады.

Енді мопед жүргізетіндер тиісті санаттағы жүргізуші куәлігін, мемлекеттік тіркеу нөмірін, техникалық паспорт пен сақтандыру полисін алып, көлігін техникалық байқаудан өткізуі тиіс.

Спикердің айтуынша, түсіндірме жұмысын жүргізіп жатқанымен, заң бұзатындар әлі де азаймай отыр. Соңғы аптада Алматыда осындай 1,5 мыңнан астам заң бұзушылық тіркеліпті. Оның ішінде мопедін уақытылы тіркемегендер, жүргізуші куәлігі жоқтар, көлікті мас болып жүргізгендер мен басқа да заң бұзғандар да бар. Алматыда жол ережесін ескермеген мопедшілердің кесірінен 233 жол апаты болып, 243 адам зардап шеккен. 500-ге жуық мопед айып тұрағына қойылған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы Полиция
департаментінің ресми өкілі:

Талап қатаң, бәрі заң
аясында болады

Заңды тек орындау үшін ғана емес, адам өмірін аман сақтап қалу үшін де қолға алып отырмыз. Бұл жол апатын азайтып, тәртіпті күшейтуге бағытталған. Жолда абайлап жүрмесе болмайды. Ол мопед, машина деп ешкімді бөлмейді. Сондықтан жол жүру ережесін сақтау – әркімнің азаматтық борышы болуы тиіс.


Дегенмен, заңға бағынған 12 мыңнан астам адам көлік құралын заңдастырып, мемлекеттік тіркеу нөмірін, жүргізуші куәлігін алып, сақтандыру полисін рәсімдеп үлгерген.

Алматының полициясы әлі де рейдке шығып, түсіндірме жұмысын жүргізіп жатыр. Біздің талап қатаң, бірақ бәрі заң аясында болмақ. Мақсатымыз – жол қатынасын барынша қауіпсіз қылу.



ОЙТУРТКИ

ОНЛАЙН-ДӘУІР «сиқыршылары»



(Сурет: ЖИ өнімі).

деген пікірлерін де жиі айтады. Алайда, медициналық немесе психологиялық білімі жоқ, тәжірбиесі де шектеулі жандардың мұндай іспен айналысуы алаңдаушылық ту- дырады. Рас, кейбір адамдар олардан моральдық немесе психологиялық қолдау тауып жатса, енді бірі алданып, өкініп жатады.

Өзін емші етіп көрсетіп, елдің сенімін ақшалай табыс көзіне айналдырғысы келетіндер де жоқ емес. Осындай әрекеттер кей жағдайда қайғылы салдарға ұрындыруы мүмкін. Онлайн-емшілер – уақыт талабы ма, әлде аңғал- дықтың жемісі ме? Бұл сұраққа жауап табу қиын, бірақ бір нәрсе анық, денсаулық – жарнама мен болжамға емес, кәсіби білім мен дәлелді медициналық көмектің негізінде қалануы керек. Ойтүрткі болған мәселеге орай дін өкілі, дәрігер маман мен заңгер не дейді?

лер жаңа технологияны өз пайдасына қолданып жүр. «Қашықтан емдеймін», «WhatsApp арқылы сурет жібер – бір «уф» десем жазылып кетесің» деген сияқты негізсіз әрекеттер көбейіп кетті. Қазір адамдар барлығын оңай жолмен шешкісі келеді. Телефонның арғы жағындағы жарнамаға сеніп, онлайн «емші- лердің» жетегіне еріп кететіндер аз емес. Онлайнның құдіреті күшейіп, жалған ақпаратқа сенушілер көбейіп отыр.

Онлайн болсын, тікелей қабылдау болсын – ондай «емші-бақсылардың» Құран ұстауы, таспих тартуы, сөз арасында Алланы ауызға алуы – бәрі адамның сеніміне кіру үшін жасалатын психологиялық амал. Негізінде, олар шариятқа қайшы, тіпті шайтан лағнетпен жұмыс істейтін болуы мүмкін. «Қашықтан емдеймін» деген жалған емшілерге сеніп, уақытың мен қаражатыңды босқа ысырап етудің қажеті жоқ.

Эльнура КІШКЕНБЕАЕВА,
адвокат, заңгер:

Адам құқығын қорғаудың заңды жолы бар

Телефонның арғы жағында отырып, қара- пайым адамды алдап жүргендер қазір аз емес. Онлайн-емшілер, коучтар, қазіргі кезде өте көп. Оларға алданып қалып жатқандар да жетерлік. Мұндай жағдайда не істеу керек, алаяқтарға алданып қалған жағдайда міндетті түрде құқық қорғау органдарына жүгіну қажет.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша алаяқтық әрекет- терге қатысты қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Егер адам қандай да бір сенімді ақпарат беріп, сендіріп, соның негізінде ақша немесе мүлік алып, өз міндеттемесін орындамаса – бұл алаяқтықтың нақты белгісі болып саналады. Яғни адамның сеніміне кіріп, алдап, ақша алып, уәде етілген қызметті көрсетпей қойған жағдайда жедел түрде арыз жазу қажет. Бұл құқықтарыңызды қорғаудың заңды жолы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҢЫЗ!

Алматыда «крипто-туристік
схемалармен» күрес күшейтілді

Былтыр елімізде интернет-алаяқтықтың 17 мыңнан астам оқиғасы тіркелген екен. Келтірілген шығын 20 млрд теңгеден асқан. Бұл ту- ралы Қазақстан туристік қауымдастығының дирек- торы Рашида Шайкенова өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында мәлімдеді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Спикердің айтуынша, қазақстандықтар, оның ішін- де алматылықтар да келісім-шарттық міндеттемелерді дұрыс орындамайтын, шартты бұзатын жосықсыз ту- ристік компаниялармен жиі ұшырасып жатады. «Қазіргі уақытта Туризм индустриясы комитетінде 50-ден астам сот ісі қаралуда. Олардың шамамен, 40-ында сот шешімі туристердің пайдасына шықты», – деді Р.Шайкенова.

Ерекше қауіп төндіретіні – «крипто-туристік схема- лар» деп аталатын алаяқтық түрлері. Мұндай жағдай- да алаяқтар жалған аккаунттар ашып, арзан авиаби- леттерді ұсынады да, алдын ала төлем алғаннан кейін жоғалып кетеді.

«Лицензияның болуын, компанияның жұмыс мерзімін, шарттардың ашықтығын және ресми төлем әдістерін тексеру маңызды», – деп атап өтті спикер. Сондай-ақ, нақты пікірлер мен құжаттарға назар ауда- ру керек.

Алматы Полиция департаменті тергеу басқармасы бастығының орынбасары Қайрат Қасымбаев атап өт-кендей, қала полициясы туристік саладағы алаяқтық туралы барлық белгілерді мұқият қадағалап отырады. «Өтініштер келіп түскен кезде материалдар сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде тіркеледі. Жедел шаралар жүргізілуде, ал кінәлілер жауапқа тартыла- ды», – деп хабарлады ол.

Қажылық пен умра
сапарын ұйымдастыру – ерек-
ше назар аударуды қажет етеді. Алма-
тыда діни турларға байланысты алаяқ-
тық жағдайларының өсуі
байқалады.

Полиция азаматтарға тек ресми тіркелген туропе- раторға хабарласуды және ақшаны күмәнді делдал- дарға бермеуді ұсынады. Күдікті жағдайлар туындаған жағдайда құқық қорғау органдарына дереу хабарласу маңызды.

Р.Шайкенова қажылықты ұйымдастыру бойынша қызметтерді Қазақстан Мұсылмандары діни басқар- масында аккредиттелген компаниялар ғана көрсетуге құқылы екенін атап өтті. «Бүгінде осындай 15 компа- ния бар, олардың тізімі Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ресми сайтында тіркелген. Умра үшін серіктес таңдағанда беделге, шарттардың ашықтығы- на және заңды жауапкершілікке назар аудару керек», – деп қосты ол.

Алматы полициясы мемлекеттік және діни құры- лымдармен, туристік қауымдастықтармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, алдын алу жұмыстарын жүргізеді және азаматтарды хабардар етеді. Алматы- лықтарға туроператорлар туралы деректерді алдын ала тексеру, бейтаныс адамдарға қаражат аудармау және алаяқтықтың алғашқы белгілері кезінде поли- цияға жүгіну ұсынылады.



(Сурет:ғаламтордан алынды).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мирхат МҰРАТҰЛЫ,
дінтанушы:

Негізсіз әрекеттер көбейді

Емші деген ұғым тек біздің елге ғана емес, әлемнің барлық елдеріне тән. Әр халықтың өз дәстүрі мен дініне байланысты ем жүргізетін адамы болған. Жалпы, емшілік пен көріпкелдік – бұл кей адамдарға берілетін ерекше қабілет. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп – нағыз шынайы мұсылман, рухани терең тұлға. Ол өзінің қашан қайтыс болатынын, тіпті ашаршылық болатынын алдын ала айтқан. Бұл – Алланың берген қабілеті.

Ал қазіргі ақпарат дәуірінде кейбір емші-балгер-

Дариха АБУТАЛИПОВА,
дәрігер:

Қоғам денсаулығына төнген қауіп

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде емдік қасиеті барын айтып, түрлі «онлайн-емшілердің» көбеюі алаңдатады. Бұл – тек медицина саласына емес, тұтастай қоғам денсаулығына төнген қауіп.

Медициналық диагноз қою – нақты зерттеулер мен тексерулерге сүйенетін, дәлелді ғылым. Ал адамның энергетикасын сезіну арқылы диагноз қойып, ем жасау – ғылыми негізделмеген және қауіпті әрекет. Мұндай емдеу тәсілінің артында ауыр зардаптар тұруы мүмкін: ауру асқынады, уақыт жоғалады, кейде адам өміріне қауіп төнеді.

Иә, кейде адамға рухани қолдау қажет болады. Бірақ ол қолдау кәсіби психолог немесе дәрігер тарапынан берілгені дұрыс. Медициналық немесе психологиялық білімсіз адамға кеңес беру, диагноз қою – этикалық тұрғыда да, заң тұрғысынан да дұрыс емес. Халық та бұл мәселеге сергек қарап, емді тек мамандардан іздегені жөн.

Алматы жылу жүйесінде 2024 жыл үшін жыл сайынғы есеп бойынша халық алдында жария тыңдау өтті

Сейсенбі күні, 2025 жылғы 22 сәуірде (басталу уақыты 15.00, аяқталу уақыты 16.10) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын беру, бөлу жөніндегі кәсіпорын қызметі туралы 2024 жылдың қорытындысы бойынша жыл сайынғы есеп бойынша тыңдаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-да (бұдан әрі – «АлЖЖ») жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221-йй, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайында өткізілді. Сондай-ақ, ZOOM конференциясы арқылы онлайн-трансляция өткізілді.

2024 жылдың қорытындылары бойынша жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау – реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну бойынша «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің қызметі туралы есеп

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығының 299-тармағына сәйкес есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат;
- Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;
- Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;
- табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы;
- табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;
- реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;
- қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы.

1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат
«АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуді және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиядар субъектісі болып табылады.
«АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК), «Алматыжылужайэнерго» ЖШС (85 қазандық) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдау-

ды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.
31.12.2024 ж. жағдай бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1399,9 км құрайды, оның ішінде:
– Магистралдық жылу желілері (МЖЖ) – 315,62 км;
– Тарату жылу желілері (ТЖЖ) – 1084,28 км.
Жылу желілерінің гидравликалық жұмыс режимін қамтамасыз ету үшін 69 сорғы станция-сы (магистралдық сорғы станциялары – 20 бірл., бөлу станциялары – 49 бірл.) орнатылды.
31.12.2024 ж. жағдай бойынша пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылу желілерінің үлесі 56,1% немесе 785,96 км құрайды, соның ішінде:
– ТЖЖ: 63,2% немесе 685,6 км;
– МЖЖ: 31,8% немесе 100,36 км.
Желілердің негізгі үлесін диаметрi 40 мм-ден 400 мм дейінгі 1210,48 км (86,5%) құбыр-лар құрайды, диаметрлері 500 мм-ден 1000 мм-ге дейінгі желілердің үлесі 189,42 км (13,5%) құрайды.
Жыл сайын «АлЖЖ» ЖШС-ң жалпы ұзақтығына «АлЖЖ» ЖШС-ң теңгеріміне берілген қайта салынған және коммуналдық жылу желілері қосылады. «АлЖЖ» ЖШС жылу желілерінің ұзақтығы 2023 жылмен салыстырғанда 14,6 км ұзарған.

2. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығының 6-тарауының 335-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Тарифтерді қалыптастыру қағидалары, ТҚҚ) «АлЖЖ» ЖШС субъектісінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып әзірленді, сәйкесінше онда:
– қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, жаңғырту, жаңарту, жылумен жабдықтау-дың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсету үшін технологиялық циклде тікелей пайдаланы-латын жаңа активтерді құру;
– энергия үнемдеуді қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру;
– көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (жылу және ыстық сумен жабдықтау) сапасын арттыру.
ТҚҚ-ның 6-тарауының 338-тармағына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру «АлЖЖ» ЖШС тарифіне енгізілген пайда мен амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылуы тиіс. 2024 жылдың ішінде «АлЖЖ» ЖШС нақты амортизациясы бекітілген мөлшері 4982,6 млн. тг. бола тұра, 5601,6 млн. тг. құрайтынын айта кету керек.
Табиғи монополиядарды реттеу комитетінің Департаменті (бұдан әрі – ТМРКД) 2025 жылғы 14 ақпандағы №11-ОД бұйрығымен 2024 жылдың инвестициялық бағдарламасын орындау жоспарына 4982,6 млн. тг. сомасына түзетуді бекітті, іс жүзінде 2024 жылдың ішінде инвестициялық бағдарламаның орындалуы 4960,9 млн. тг. құрады.

ҚҚС-сыз

Табиғи монополия субъектісінің 2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты «Алматы жылу жүйесі» ЖШС Қызмет түрі: жылу энергиясын беру және тарату

№	Реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Пайда және залал туралы есеп		Инвестициялық бағдарлама (жоба) сомасы, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен көлемдері туралы ақпарат, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламала (жобала) бекітілген көрсеткіштермен салыстырып тексеру туралы ақпарат**				Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобалары) көрсеткіштерден ауытқу себептерінің түсіндірмесі		Ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігінің жоғарылауын бағалау				
	Реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Натурал көрсеткіш-термен саны	Инвестициялық бағдарлама (жоба) аясында қызметті ұсыну кезеңі	Жосп	Нақты	ауытқу	ауытқу себептері	меншіктің қаражаттар	Реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет	Қарыз қара-жаттары	Бюджеттік қаражаттар	Өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) азаюы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Шығыстардың азаюы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	Апаттылықтың азаюы, бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	жосп	нақты	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Объектілерді құралу, жөндеу, жаңғырту	жұмыстар кешені	9	9	2024	-4 307 776,00	3 957 827,47	3 937 553,31	20 274,16	Азайтуға арналған қосымша келісімге сәйкес орындалды	3 937 553,31	-	-	-	9 255 045,09	-	-	57,9	56,1	15,97	15,35	2 039	2 012	-	-	
2		ЖСҚ әзірлеу	жұмыстар кешені	3	3			53 663,68	53 663,68	0,00	-	53 663,68	-	-	-												
3		Мемлекеттік сараптама	жұмыстар кешені	57	56			80 338,46	78 961,44	1 377,02	Кешенді Мемлекеттік сараптамадан өту үшін осы жобаны ерpd.kz порталына жүктеу кезінде біздің жобамыз «ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.04.2015 ж. №299 Бұйрығына» сәйкес жасай отырып, себебі көрсетіліп қабыл алынған жоқ	78 961,44	-	-	-												
4		Сорғы, желдету, дәнекерлеу жабдықтары, электр қозғалтқыштар	жиын./ дана	27	27			139 747,23	139 747,23	0,00	-	139 747,23	-	-	-												
5		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	жұмыс/ дана/жыл	562	562			95 061,96	95 061,96	0,00	-	95 061,96	-	-	-												
6		Ілмекті арматура	дана	204	204			203 762,96	203 762,96	0,00	-	200 225,70	-	3 537,26	-												
7		БӨЖА аспаптары	дана	6	6			8 520,00	8 520,00	0,00	-	8 520,00	-	-	-												
8		Электрондық жабдықтар (Ұйымдастыру техникасы)	жиын./ дана	6	6			130 443,04	130 443,04	0,00	-	130 443,04	-	-	-												
9		Басқа	жиын./ дана	66	66			2 660,49	2 660,49	0,00	-	-	-	2 660,49	-												
10		Арнайы механизмдер және техника	жиын.	1	1			20 267,00	20 267,00	0,00	-	20 267,00	-	-	-												
11		Капиталдандыру	жұмыс	1	1			290 293,19	290 293,19	0,00	-	290 293,19	-	-	-												
				942	941		-4 307 776,00	4 982 585,46	4 960 934,28	21 651,18		4 954 736,54	6 197,75	0,00	9 255 045,09												

3. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы

2024 жылдың ішіндегі жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы.

ҚҚС-сыз

р/б №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2022 ж. ішіндегі орындалуы	%	Ескертпе
1	2	3	4	5		
1.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	24 704 488,76	27 756 712,89	12%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 656 571,77	2 469 799,16	49%	
	соның ішінде:					
1.1	Шикізаттар мен материалдар	мың теңге	79 302,74	79 365,36	0,1%	
1.2	ЖЖМ	мың теңге	94 662,87	216 010,63	128%	Артық шығынның себептері: – белгизін бағасының 58%-ға, диз.отын бағасының 73% қымбаттауы (2020–2024 ж.ж. бастап); – автокөліктердің қатты тозуына байланысты ЖЖМ шығынның көбеюі.
1.3	Су және қаріз	мың теңге	26 920,41	38 033,48	41%	Артық шығын «Алматы Су» МКК тарифінің 136% өсуіне байланысты пайда болған (2020–2024 ж.ж. бастап).
1.4	Энергия	мың теңге	1 455 685,76	2 136 389,69	47%	Артық шығын 2020–2024 ж.ж. бастап тарифтердің жоғарылауымен байланысты: – электр энергиясына 76%; – «АлЭС» АҚ жылу көздерінің жылу энергиясына – 58%, «АЖЖ» ЖШС - 96%.
2	Еңбексіз төлеу шығыстары, барлығы	мың теңге	9 029 267,70	9 344 061,76	3%	
3.	Амортизация	мың теңге	4 952 136,52	5 593 883,25	13%	Артық шығын кәсіпорын теңгеріміне қайта жаңғыртылған магистралдық және тарату желілерінің қабылдануына байланысты пайда болған, бұл негізгі құралдардың амортизация шығындарын көбейтпейді. Ұзақтығы 14,6 км ұлғайған.
4.	Нормативтік шығындарға жұмсалған ақша	мың теңге	7 923 883,50	8 503 306,66	7%	Ақшалай нысандағы артық шығын бекітілген үлеспен салыстырғанда («АлЭС» АҚ – 75%, «АЖЖ» ЖШС – 25%) қызмет көрсету аймақтары бойынша нақты шығыстар үлесінің сәйкес болмауымен, сондай-ақ ХТС бағасының қымбаттауына байланысты («АлЭС» АҚ – 68%, «АЖЖ» ЖШС – 32%). Осы бап бойынша шығындарға нормативтік тыс шығыстар кіргізілмеген.
5.	Жөндеу	мың теңге	923 642,31	1 353 074,83	46%	Артық шығынның себептері: – асфальт бағасының 43% қымбаттауы (2020–2024ж.ж. бастап); – 2012 апаттық-қалпына келтіру жұмысы жасалды, 31.12.2024 ж. желілердің тозуы 56,1% құрайды.
6.	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың теңге	1 481,86	1 547,22	4%	Артық шығын қоршаған ортаға кері әсер тигізетін шығындықтар мөлшерінің көбеюінен себептен пайда болған (автокөліктердің тозу дәрежесінің жоғары болуына байланысты ЖЖМ шығынға жазу)
7.	Шеттегі ұйымдардың қызметтері, всего	мың теңге	217 505,10	491 040,01	126%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	2 334 007,49	2 522 380,01	8%	
9.	Сыйақы төлеуге шығыстар	мың теңге	5 748,51	5 748,51	0%	«Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша кредиттік шарт
III	Пайда	мың теңге	27 044 244,76	30 284 841,41	12%	
IV	Пайда	мың теңге	0,00	-2 168 442,64	0%	
V	Кірістердің барлығы	мың теңге	27 044 244,76	28 116 398,77	4%	
VI	Көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі	мың Гкал	6 712,68	6 978,80	4%	
VII	Нормативтік техникалық шығындар	%	15,97%	15,35%	-4%	
		мың Гкал	1 275,90	1 265,03	-1%	
VIII	Тариф (ҚҚС қоспағанда)	теңге/Гкал	4 028,83	4 028,83	0%	

4. Реттелетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы

5. Табиғи монополиядар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштері туралы:

«АлЖЖ» ЖШС-де реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейінің шығындық әдіспен бекітілуіне байланысты бекітілмеген (2022 жылғы 11 қаңтардағы №143-Од бұйрық). Реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолданған кезде бекітіледі (2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиядар субъектілерінің қызметі жүзеге асыру қағидаларының 13-тарауы).

6. Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы

2024 жылдың ішінде Кәсіпорын 74,47 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алды, негізгі 93,7%-ы жылу энергиясын өткізудің үлесінде; ЖАО-дан бөлінген ақша қаражаттарының үлесі жалпы кірістің 4,7% құрайды, ақша қаражаттары «АлЭС» АҚ мен «АЖЖ» ЖШС жылу көздерінің алдындағы кредиторлық берешекті жабуға бөлінді; жалпы кірістің 1,6% Кәсіпорынның басқа және өзге түсімдерінің үлесінде (инженерлік желілерге қызмет көрсету, металл сынықтарын сату, есепке алу аспаптарын орнату және т.б.).
2024 жылдың ішіндегі шығындар 78,78 млрд. теңгені құрады, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға жұмсалды – 67,7%. Одан басқа негізгі шығындар мыналарға жұмсалды: амортизация – 7,1%; жалақы – 13,0%; электр энергиясы, салықтар және жөндеу – 5,9%; сондай-ақ басқа шығыстар – 6,3% (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемі, өсімпұлдар, зардап шеккендерге өтемақы, мүшелік жарналар және т.б.).
2024 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық нәтиже 4,3 млрд. теңге мөлшеріндегі залалды құрады.

7. Ұсынылған реттелетін қызметтер көлемдері туралы

Есепті кезең ішінде жылу көздерінен – 8297,89 мың Гкал. сатып алынды, былтырғы 2023 жылмен салыстырғанда бұл 382,56 мың Гкал немесе 5% өскен;
– Өткізілгені – 6978,8 мың Гкал;
– Өз қажеттіліктеріне жұмсалғаны – 17,2 мың Гкал;
– Қайта енгізілетін объектілерді ойып салу/төгу – 1,22 мың Гкал;
– Коммуналдық желілер бойынша нормативтік шығыстар – 35,65 мың Гкал;
– Нормативтік шығыстар – 1265,03 мың Гкал;
2024 жылы жылу энергиясын сатып алу және өткізу көлемі мыналардың есебінен ұлғайған:
– жылытылатын ауданның 1150 мың м2 немесе 7% үлкеюі;
– шарттар санының 1125 немесе 7% көбеюі;
– дербес шоттардың 24 457 немесе 5% көбеюі.

8. Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы

2024 жылдың ішінде Кәсіпорын бойынша электрондық құжат айналымында тіркелген кіріс корреспонденциясының саны 26 452 өтінішті құрады, былтырғы 2023 жылмен салыстырғанда 37% немесе 7137 өтінішке көбейген. Барлық кіріс корреспонденциясының 85% Кәсіпорынның коммерциялық блогының үлесінде.
«АлЖЖ» ЖШС-де «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін 3 (үш) Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы (Батыс, Орталық, Шығыс) жұмыс істейді. Бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және құжаттарды рәсімдеу және қызметтерді ұсыну мерзімдерін айтарлықтай ықсаратуға мүмкіндік береді. 2024 жылдың ішінде тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары 93 570 тұтынушыны қабылдады, 2023 жылмен салыстырғанда тұтынушыларды қабылдау 0,8% азайған.
2024 жылдың ішінде қабылданған кіріс қоңырауларының саны 186 294 жетті, оның 89% – Байланыс-орталығына келіп түскен қоңыраулар. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 6% жоғарылаған. Қалған 11% немесе 19 926 кіріс қоңырауларын Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының қызметкерлері қабылдаған.
Оған қосымша, Серіктестік өтініштерді Интернет-ресурстар арқылы, WhatsApp-мессенджерлер, Кәсіпорынның ресми сайты, Facebook, Instagram әлеуметтік желілері және басқа жолдармен қабылдайды.
Мысалға, 2024 жылы WhatsApp мессенджері арқылы тұтынушылардың 5404 өтініші қабылданды, 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 26% азайған.

9. Қызметтің перспективалары, соның ішінде тарифтердің өзгеру мүмкіндігі туралы:

2025-2026 ж.ж. жылыту кезеңіне дайындық:
2025 жылға арналған жылу желілерін жаңғырту жоспары:
– ҚЖН бағдарламасы бойынша ҚҚС қоспағанда, 8 млрд. теңге сомасына жалпы ұзақтығы 15,4 км құрайтын 33 жылу желілері объектілерін жаңғырту жоспарланған;
– «АлЖЖ» ЖШС-ң инвестициялық бағдарламасы бойынша ҚҚС есептемегенде, 3,7 млрд. теңге сомасына жалпы ұзақтығы 8,1 км құрайтын 18 жылу желілері объектілерін және 1 сорғы станциясын жаңғырту жоспарланған; «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ тапсырысы бойынша ЖАО қаражаттарының есебінен ҚҚС есептемегенде, 6,1 млрд. теңге сомасына жалпы ұзақтығы 9 км құрайтын 10 объектіні (7 екі жылдық және 3 бір жылдық) және 1 сорғы станциясын жаңғырту жоспарланған.
– Жылу желілерін ағымдағы жөндеу – 7,0 км.,
– Оқшаулануын қалпына келтіру – 7,5 км.

Дебиторлық берешекті азайту:

– БАҚ-да және кәсіпорынның әлеуметтік желілерінде тұтынушыларды дебиторлық берешектері үшін жылумен жабдықтау қызметтерінен ажырату рейд-терінің өткізілетіні туралы ақпаратты жариялау;
– Сотқа дейінгі хабарламаларды беру;
– Дебиторлық берешегі үшін тұтынушылардың ыстық сумен жабдықтау қызметтерінен ажырату;
– Жылу энергиясы қызметтерін тұтынушылардың берешегі туралы автоқонырауды және смс-хабарламаны енгізу;
– Аткарушылық жазбаларды жасау және оларды жеке сот орындаушыларына жіберу.

Қызмет көрсетуді жақсарту:

– Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
– Жылумен жабдықтау қызметтерін ажырату/қосу актілері бойынша деректерді енгізуді автоматтандыру.

Тарифтік ықтимал өзгерісі:

– «Табиғи монополиядар туралы» ҚР Заңының 22-бабын басшылыққа ала отырып, «АлЖЖ» ЖШС стратегиялық тауарлардың құны өзгерген жағдайда тарифті өзгерту туралы өтініммен оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін жүгінуді жоспар

реттік нөмірі 46 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
46.	Кулпейшова Гулнара Сайлауовна	20-314-013-322	Райымбек даңғылы, 219К, 3 пәтер	жалпы-0,0237 үлесі-0,0025
реттік нөмірі 49 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
49.	Кадырбаев Марат Кертаевич	20-314-013-542	Райымбек даңғылы, 219/3	0,0078
реттік нөмірі 60 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
60.	Злобина Екатерина Рашидовна	20-311-023-110	Райымбек даңғылы, 200, 2-пәтер	жалпы-0,1709 үлесі-0,0420
реттік нөмірі 63 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
63.	Петухова Людмила Васильевна	20-311-023-001	Райымбек даңғылы, 204, 2-пәтер	жалпы-0,1083 үлесі-0,0100
реттік нөмірі 68 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
68.	Петрова Елена Владимировна	20-311-023-162	Райымбек даңғылы, 206, 1пәтер	жалпы-0,0572 үлесі-0,0085
реттік нөмірі 71 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
71.	Фисенко Сергей Викторович, Карунина Елена Михайловна	20-311-023-315	Райымбек даңғылы, 206/17 учаске	0,0333
реттік нөмірі 80 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
80.	Бен моше Анзори	20-321-022-027	Райымбек даңғылы, 359	0,3105
реттік нөмірлері 83, 84 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
83.	Зимина Галина Викторовна, Зимин Антон Викторович	20-321-026-270	Райымбек даңғылы, 339, 2 пәтер	жалпы-0,0767 үлесі-0,0306 үлесі-0,0153
84.	Ибраев Булат Сейткалиевич	20-311-041-191	Райымбек даңғылы, 182А, 1 пәтер	жалпы-0,0384 үлесі -0,0104
реттік нөмірлері 95, 96 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
95.	Трифорова Светлана Александровна	20-321-026-038	Райымбек даңғылы, 331, 2 А пәтер	жалпы-0,0984 үлесі-0,0125
96.	Трифорова Светлана Александровна	20-321-026-038	Райымбек даңғылы, 331, 2 Б пәтер	жалпы-0,0984 үлесі-0,0128
реттік нөмірлері 99-102 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
99.	Трифонов Леонид Юрьевич, Трифорова Светлана Александровна, Василиок Ольга Леонидовна, Трифонов Дмитрий Леонидович	20-321-026-038	Райымбек даңғылы, 331, 2-пәтер	жалпы-0,0984 үлесі-0,0228
100.	Юсубов Юнус	20-321-026-100	Райымбек даңғылы, 329, 2-пәтер	жалпы-0,0967 үлесі-0,0507
101.	Колесникова Надежда Игоревна, Бушнев Валентин Игоревич, Диалектова Юлия Игоревна, Бушнева Вера Дмитриевна	20-321-026-100	Райымбек даңғылы, 329, 1-пәтер	жалпы-0,0967 үлесі-0,0263 үлесі-0,0197
102.	Ибраев Булат Сейткалиевич	20-311-041-191	Райымбек даңғылы, 182 А, 4-пәтер	жалпы-0,0384 үлесі -0,0090
реттік нөмірі 108 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
108.	Исаев Эдуард Эдуардович, Исаева Ирина Сергеевна, Джумагазиев Жанибек Маратович, Арсланова Сабина Тагировна	20-321-026-205	Райымбек даңғылы, 323, 1-пәтер	жалпы-0,0365 үлесі-0,0145
реттік нөмірлері 111, 112 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
111.	Пантох Александр Александрович	20-311-023-162	Райымбек даңғылы, 206, 1-пәтер	жалпы-0,0572 үлесі-0,0085
112.	Пантох Александр Александрович	20-311-023-162	Райымбек даңғылы, 206, 1-пәтер	жалпы-0,0572 үлесі-0,0085
реттік нөмірі 114 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
114.	Абылқасова Гульнар Түлеповна, Абылқасов Мұхтар Түлепович	20-321-026-069	Райымбек даңғылы, 315, 1-пәтер	жалпы-0,0960 үлесі-0,0481
реттік нөмірлері 117, 118 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
117.	Мусаев Азад	20-321-026-139	Райымбек даңғылы, 313, 1-пәтер	жалпы-0,0950 үлесі-0,0486
118.	Юсубов Намик	20-321-026-001	Райымбек даңғылы, 311, 2-пәтер	0,0604
реттік нөмірі 127 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
127.	Сасыкова Дана Адабиятовна, Сасыков Алимжан Саттарович, Саттаров Рустамжан Алимжанович, Саттаров Русланжан Алимжанович, Саттарова Мадина Алимжановна	20-321-026-178	Райымбек даңғылы, 301, 2-пәтер	общая-0,0890 доля-0,0485
реттік нөмірлері 130, 131 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
130.	Ахметжанова Салтанат, Ахметжанова Надира Кабдулаевна	20-321-027-087	Райымбек даңғылы, 297, 4-пәтер	жалпы-0,1022 үлесі-0,0243
131.	Свирин Сергей Иванович, Свирина Татьяна Александровна	20-321-027-087	Райымбек даңғылы, 297, 3-пәтер	жалпы-0,1022 үлесі-0,0243
реттік нөмірлері 151, 152 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
151.	Белоусов Владимир Алексеевич, Усачева Галина Владимировна	20-311-027-330	Потемкин көшесі, 1	жалпы-0,0669 үлесі-0,0297 үлесі-0,0372
152.	Бочанова Светлана Павловна, Бочанов Владимир Владимирович, Бочанов Сергей Владимирович	20-321-063-009	Райымбек даңғылы, 411, 1-пәтер	жалпы-0,1438 үлесі-0,0129
реттік нөмірі 159 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
159.	Мохарамзаде Мансур Жаббар	20-311-027-144	Райымбек даңғылы, 318/1	0,0265
реттік нөмірлері 166, 167 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
166.	Надилов Михаил Ариф-оглы	20-321-026-080	Райымбек даңғылы, 345	жалпы-0,0889 үлесі-0,0195
167.	Сансызбаев Мурат Иньятович	20-321-026-080	Райымбек даңғылы, 345	жалпы-0,0889 үлесі-0,0196
реттік нөмірлері 171, 172 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
171.	Амирахов Меграб Ахмадогли	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 1-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0237
172.	Амирахов Меграб Ахмадогли, Аджиева Тамелла	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 3-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0520
реттік нөмірі 175 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
175.	Сертай Ерлік Асқарұлы	20-321-064-043	Райымбек даңғылы, 395, 4-пәтер	жалпы-0,2165 үлесі-0,0474
реттік нөмірі 187 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
187.	Курманжанова Алдихан Айтахыновна, Курманжанова Акбота Еркешевна, Бауберикова Айша Ериктиевна	20-321-064-113	Райымбек даңғылы,, 405, 7 пәтер	общая-0,0935 доля-0,0230
реттік нөмірі 189 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				

189.	Турдиев Асхат Гафурович, Турдиева Раиса Молбагаровна, Турдиева Карина Асхатовна, Турдиева Ирина Васильевна	(20-321-064-114) 20-312-010-114	Райымбек даңғылы, 405/1, 1-пәтер	жалпы-0,0890 үлесі-0,0507
реттік нөмірлері 196-198 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
196.	Тен Виталий Сергеевич, Ким Галина Петровна, Тен Владимир Витальевич, Тен Сергей Витальевич, Тен Ольга Витальевна	20-321-063-024	Райымбек даңғылы, 409, 2-пәтер	жалпы-0,1430 үлесі-0,0232 үлесі-0,0309
197.	Амирахов Меграб Ахмадогли, Аджиева Тамелла	20-321-064-118	Райымбек даңғылы, 393, 4-пәтер	жалпы-0,1529 үлесі-0,0336
198.	Бочанова Светлана Павловна, Бочанов Сергей Владимирович, Бочанов Владимир Владимирович	20-321-063-009	Райымбек даңғылы, 411, 1-пәтер	жалпы-0,1438 үлесі-0,0257
реттік нөмірі 204 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
204.	Антонова Валентина Иннокентьевна, Антонов Андрей Николаевич, Антонов Михаил Николаевич, Антонов Павел Николаевич	20-321-063-176	Райымбек даңғылы, 413, 1-пәтер	жалпы-0,1416 үлесі-0,0165
реттік нөмірлері 208, 209 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:				
208.	Коваленко Елена Владимировна, Коваленко Игорь Константинович	20-321-063-017	Райымбек даңғылы, 415, 3-пәтер	жалпы-0,1419 үлесі-0,0185 үлесі-0,0185
209.	Алтеева Данекуль Кенесбаевна	20-314-013-334	Райымбек даңғылы, 219 А, 14-пәтер	
реттік нөмірлері 212, 213 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
212.	Протопопова Татьяна Митрофановна, Ярая Наталья Александровна, Мироненко Анна Александровна, Протопопов Сергей Александрович	20-321-063-017	Райымбек даңғылы, 409, 4-пәтер	жалпы-0,1419 үлесі-0,0299
213.	Титова Ирина Сергеевна	20-321-063-015	Райымбек даңғылы, 425, 1-пәтер	жалпы-0,1369 үлесі-0,0200
реттік нөмірлері 222, 223 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
222.	Титова Ирина Сергеевна	20-321-063-015	Райымбек даңғылы, 425, 1 А пәтер	жалпы-0,1369 үлесі-0,0413
223.	Маркин Александр Владимирович, Маркин Андрей Владимирович, Маркина Галина Викторовна	20-321-063-015	Райымбек даңғылы, 425, 2-пәтер	жалпы-0,1369 үлесі-0,0227 үлесі-0,0377
реттік нөмірі 233 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
233.	Кемелбекова Гульжан Жолдасбеккызы, Кемелбеков Бауыржан Инкарбекович	20-321-061-003	Райымбек даңғылы, 447, 2-пәтер	жалпы-0,0760 үлесі-0,0373
реттік нөмірлері 247-249 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
247.	Берк (Салимова) Ольга Юрьевна	20-312-030-123	Райымбек даңғылы, 454	0,0523
248.	Азбаева Бакытгуль Байсабановна, Азбаев Шамелхан Нуртазович	20-312-030-016	Райымбек даңғылы, 456	жалпы-0,0666 үлесі-0,0236
249.	Иманкулов Жандос Ботбаевич	20-312-030-009	Райымбек даңғылы, 458	жалпы-0,1844 үлесі-0,0300
реттік нөмірі 256 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
256.	Мамадиярова Гульмира Камбаровна, Дуанбек Ерғали Сәрсенбайұлы	20-312-030-013	Ярмухамедов көшесі, 57 А	0,0649
реттік нөмірі 262 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
262.	Екибаева Жанар Медгатовна	20-312-039-065	Райымбек даңғылы, 474	жалпы-0,0779 үлесі-0,0343
келесі редакциядағы реттік нөмірлері 274-279 жолымен толықтырылсын:				
274.	Азбаева Жамеш Байсабановна	20-312-030-016	Райымбек даңғылы, 456/7	жалпы-0,0666 үлесі -0,0120
275.	Жолдасханов Бекзат Аргынбекович	20-312-030-016	Райымбек даңғылы, 456/7	жалпы-0,0666 үлесі-0,0210
276.	Сансызбаев Мурат Иньятович	20-321-026-080	Райымбек даңғылы, 1/345	жалпы-0,0889 үлесі-0,0498
277.	Петухов Валерий Федорович	20-311-023-001	Райымбек даңғылы, 204, 2 А пәтер	жалпы-0,1083 үлесі-0,0150
278.	Галиева Жанат Едиловна	20-321-027-028	Райымбек даңғылы, 289, 5-пәтер	
279.	Жолжаксынова Кулпаш Жаловна	20-321-063-017	Райымбек даңғылы, 415, 4-пәтер	жалпы -0,1419 үлесі-0,0340
7) » 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-320 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірлері 3-5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
реттік нөмірлері 3-5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
3.	«Гелиос» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-011	«Ақбұлақ» шағынауданы, Талдыарал көшесі, 4/7 учаске	0,1437
4.	Ахметов Баймурат Максетович	20-314-035-044	Потанин көшесі, 42 А, 1-пәтер	жалпы-0,0810 үлесі-0,0066
5.	Танаев Сакен Рахышбекович	20321-070-1439	Райымбек даңғылы, 543/1	0,1585
реттік нөмірі 12 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
12.	«BI Clients Servise 32» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-004-892	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әбішев көшесі, 31 учаске	0,0832
реттік нөмірлері 20-22 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
20.	Абдурахманов Ерғали Мухаметкалиевич, Алдибаева Алмалы Абилакимовна	20-321-057-521	Райымбек даңғылы, 521	жалпы-0,1578 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0340
21.	«Oil Trade Ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-057-277	Райымбек даңғылы, 525	0,3000
22.	Бектемирова Дана Данияровна	20-321-057-218	Райымбек даңғылы, 527	0,5109
реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
26.	Кубенкулов Нурболат Нурганатович	20-321-057-304	Райымбек даңғылы, 513/1	0,4050
реттік нөмірі 56 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
56.	«Чайна Саузын Эрлайнз Лтд. Алматы қаласындағы» Өкілдігі	20-315-046-004	Арықов көшесі, 36	жалпы-0,1112 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0246
реттік нөмірі 71 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
71.	Байжигитова Бахытжан	20-314-035-044	Потанин көшесі, 42А, 1 пәтер	жалпы-0,0810 үлесі-0,0150
реттік нөмірі 74 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
74.	Шевцова Ольга Анатольевна	20-314-035-044	Потанин көшесі, 42А, 2 пәтер	жалпы-0,0810 үлесі-0,0057
реттік нөмірі 88 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:				
88.	Балапаева Айкүл Абиналиевна, Балапаева Нуршат Тасболатовна, Балапаева Айгерим Тасболатовна	20-314-036-147	Латиф Хамиди көшесі, 36/45, 3-пәтер	жалпы-0,0482 үлесі-0,0118 үлесі-0,0058



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 8 айға – 4907,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 8 айға – 10524,96 (қала), 6427,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 8 айға – 3147,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QAMQOR» – КӘСІПКЕРЛЕР ҚОРҒАНЫ!

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды тоқтату, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету бойынша тұрақты жұмыстар атқарылып келеді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті халықты ақпаратпен қамту үшін үнемі өзінің ақпараттық жүйелерін жаңартып, оған толықтырулар енгізіп отырады. Сондықтан кәсіпкерлердің құқығын қорғауға басымдық берілген. Осы жылдар ішінде атқарылған жұмыстың ең елеулісі – «Qamqor» қосымшасы деуге болады. Жеке кәсібін дөңгелетіп отырған іскер азаматтардың құқығын қорғаудың бір жолы – «Qamqor» мобильдік қосымшасы. Қазақстанда бақылау мен қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар аз. Бүгінде осы тексеру жүргізетін құзырлы органдар санын азайтып

қоймай, сонымен бірге осы тексерулердің заңды болуы, ортақ тәртіпке сай жүргізілуі басты назарда. Осыған орай, «Qamqor» қосымшасының артықшылығын кәсіпкерлер оң бағалап отыр. Аталған қосымша кәсіпкерлерге көмек ретінде іске қосылды. Оны ұялы телефонына жүктеген кәсіпкерге тексеріс келе қалғанда «Сізге тексеріс келе жатыр» деген ескерту-хабарлама келеді. Сондай-ақ, қосымша тексерісті кім ұйымдастырғаны, құқықтық негіздемесі, заңдылығы туралы толық көрсетеді. Кәсіпкер заңсыз тексеріс кезінде немесе тексеріс басталмас бұрын құқықбұзушылық туралы онлайн түрде шағым жасай алады. «Qamqor» мобильдік қосымшасының пайда болуына не түрткі болды? Біріншіден, мұндай қосымша мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын, мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін керек болды. Екіншіден, бұл бизнестің дамуына қолдау көрсетіп, құзырлы органдардың кәсіпкерлер

жұмысына кедергі келтіруіне жол бермеу мақсатында жүзеге асырылды. Өз кәсібін бастаған, жеке бизнесін жүргізуге тырысқан жандарға «Qamqor» мобильді қосымшасын таныстыру, оның негізгі артықшылықтарын түсіндіру артықтық етпейді. Бұл қосымшаны «Googleplay» және «AppStore» қосымшалары арқылы жүктеп алуға болады. Онлайн-режимде берілген өтініштер прокуратураға түсіп, жұмысты жеңілдетеді. Бізге келген арыз-шағымдар 24 сағаттың ішінде қаралап, міндетті түрде қарастырып жауап беріледі.

А.С.АРАП,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бастығы.

#заң_және_тәртіп

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2025 жылы 3 маусым күні, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 142/41 мекенжайында металды пластик және алюминий бұйымдарын (терезелер, есіктер, витраждар), сондай-ақ, оларға керек-жарақ жасау үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Бастамашы: «Комбинат Светопрозрачных Конструкций» ЖШС БСН 141 040 026 579, телефон: 8 (727) 364-52-19 (20, 20), электронды адрес: _info@tehnovid.kz. Жобалық құжаттама әзірлеушісі: «ЭКО және Ко» ЖШС, БСН 061240005922, телефон: 8 (727) 278-01-79, электронды адрес: klg_55_007@mail.ru. Жергілікті атқарушы орган: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, телефон: 8 707 484 97 91, электронды адрес: upgirp@mail.ru. Ескертулер мен ұсыныстар жасау үшін жоба бойынша құжаттама <https://ecportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында және Алматы қаласының ЖАО сайтында орналастырылған. ZOOM: <https://us05web.zoomus/j/89002850185?pwd=ypS6Y1B6CduvLYITB5kuyNz3wfuUEO.1>
Конференция идентификаторы: 890 0285 0185 Коды: 8FсРb3



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

БЕКЗАТ ӨНЕР

БОЯУҒА ЖАН БІТІРГЕН СУРЕТКЕР

Алматыда танымал қылқалам шебері
Алпысбай Қазығұловтың дербес көрмесі ашылды

Іс-шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков оқып берді. «Көктөбе көктемі» деп аталған дербес көрмеге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер жұлдыздары мен суретшілер қатысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қылқалам шебері Алпысбай Қазығұлов атап өткендей, суретші 48 жылда 8 мыңнан аса картина жазған екен. «Қазір шеберханамда мыңдаған картинам бар деп айтуға болады. Бәрі де өз қолыммен, өз жаныммен жазған дүниелер. Сол еңбектерді балаларыммен ақылдаса отырып, бүгін көрермен назарына ұсынуды жөн көрдік. Жұртшылықтың бағасын, пікірін білгіміз келді. Суреттер жайлы ұзақ айтуға болар еді, әрине, бірақ ең бастысы, көрерменнің өз көзімен көріп, жүрегімен қабылдағаны ғой. Бейнелеу өнері – үнсіз өнер. Ол сөзбен емес, сезіммен сөйлейді. Сондықтан әр туындымды

тамашалап, өз бағаларыңызды бересіздер деген сенімдемін», – деді автор.

Алпысбай Қазығұлов – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы. Қазақ қылқалам өнерін Еуропа мен Азия елдеріне кеңінен танытып жүрген суретші, әрі лекционер. 2003 жылы Прагада әлемдік өнерге қосқан зор үлесі үшін Еуропалық өнер одағының Масарик атындағы алтын медалімен марапатталды. Қазақстан Суретшілер одағының басқарма мүшесі. 1978 жылдан бері республикалық және халықаралық деңгейдегі бейнелеу өнері шеберлерінің көрмелеріне қатысып келеді. Суретшілердің симпозиумдарына бірнеше рет қатысқан. Қазақстанның әртүрлі мәдениет орталықтарында онға



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



жуық жеке көрмесі өткен. Алпысбай Қазығұловтың туындыларында автордың жарқын әсерлерінің тұтас бір палитрасы нәзік те жеңіл түрде бейнеленген. Суретші тек тұрмыстық көріністерді, сұлулық пен кербездікті бейнелеп қана қоймай, қиял мен фантазияға да еркіндік береді. Әрбір қазаққа таныс – шексіз жазық даланың көркем табиғатын суреттеген.

Суретшінің жеке қорында екі мыңнан астам Қазақстан және шетел суретшілерінің туындылары сақтаулы. Оның картиналары бүгінде әлемдік деңгейдегі өнер иелерінің жеке коллекцияларында да кездеседі. Мысалы, Шыңғыс Айтматов, Жерар Депардьё, Патрисия Каас, Лайма Байкулли және Прес Лорас сияқты танымал тұлғалар суретші туындыларына ие болған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның халық әртісі:

Ұлт үшін қайталанбас құбылыс

Бүгін қайталанбайтын оқиғаға куә болып отырмыз. Неге десеңіз, бұл – өнердің ішіндегі ең қажырлы идеяға негізделген түрі. Бейнелеу өнері – үлкен еңбек пен талғамды талап ететін сала. Бұл салаға қалам тартқандар көп болуы мүмкін, бірақ пұшпаққа жеткендері санаулы. Сол санаулылардың қатарында Ерболат Төлепбайды, марқұм Бексейіт Тұлкиевті ерекше атап өтуіміз керек. Олардың шығармашылығында бейнелеу өнерінің көне формасы – кубизм формасы бар. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұл – абстрактты импрессионизм. Осы бағытта еңбек етіп жүрген қазіргі суретшілердің бірі – Алпысбай. Алпысбайдың шығармашылығында ерекше байқалатын нәрсе – ол бояу қолданудың шебері. Оның туындыларында бірден көзге түсетін жарық пен реңктің үйлесімі бар. Қазір мына жерде жарық түсіп тұрмаған сияқты көрінеді. Бірақ керісінше, әр картинасында жарықтың өзі ойнап тұр. Тіпті, бұлттардың өзі қозғалып тұрғандай әсер қалдырады.

Бірақ ең бастысы, Алпысбай өз өнерінде ұлттық құндылықтарға арқа сүйейді. Ол қазақы рухты, болмысты бояу арқылы жеткізе біледі. Ол – ұлт үшін қайталанбас құбылыс. Алпысбайды мақтауға да болады, онымен мақтануға да болады. Оның шығармашылық әлеуеті зор. Ол бояу арқылы адамның жандүниесіндегі сезімді сыртқа шығарып, соны суретке айналдыра алады. Меніңше, бұл өнердің құндылығы да, құдіреті де осында.

МЕРЕКЕ

СЕЗІМГЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ

Әлеуметтік қызмет орталығында
«Ғашықтар күні» аталып өтті

Алматыдағы «Демеу» әлеуметтік қызмет орталығы – Ажүйке ауруларына ұшырағандарға әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме.

Нұрлан
СҮЙІН

Орталық әкімдіктің қолдауымен толыққанды жұмыс істеп, қоғамдағы барлық айтулы күндерден қалыс қалған емес. Бүгінде дәстүрге айналған, жыл сайын 15 сәуірде аталып өтетін «Ғашықтар күні» мерекесі жақында «Демеу» әлеуметтік қызмет орталығында да аталып өтті.

Іс-шарада жұптар шағын байқаулар, викториналар ар-

қылы бір-біріне сезімдерін білдіріп, би билеп, ән тыңда-

ды. Сауалнамалар арқылы пікірлері бір жерден шығып, ой-орамдарын барынша жақсы жеткізе білген жұптар көрермендер қошеметімен жеңімпаз атанып, марапатталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуаныш ӘБЖАНОВА,
Орталық директорының орынбасары:

Барлық жағдай жасалған

Өздеріңіз білетіндей, біздің Орталық Алматы әкімдігінің Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мекеме. Шаһар басшылығы мен қалалық басқарма мекемеге ереше көңіл бөледі. Тұрғындарымыз өздерін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуі үшін Орталықта барлық жағдай жасалған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.